



ДӘРУМЕН



ҚЫМЫЗДЫҢ
ҚАДІРІНЕ ҚАШАН
ЖЕТЕМІЗ?

6

ДӘСТҮР



ҰЛТТЫҚ
САНАДАҒЫ
СҰЛУЛЫҚ

7

МӘСЕЛЕ



АТА-АНА БОЛУДЫ ДА
ҮЙРЕНГЕН
АБЗАЛ

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

29.10.2022

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

30.10.2022

Түнде:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №127 (6262) 29 қазан, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖАҢА НЫСАНДАР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесті



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

Шаһар басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Кездесуге 350-ден астам адам келді.

3

ALMATY FOOD FEST

ӘЛЕМНІҢ ДӘМІН ТАТЫҢЫЗ!

Алматыда Халықаралық тағамдар фестивалі өтеді



Осы демалыс күндері Алматыда Almaty Food Fest халықаралық гастрономиялық фестивалі өтеді. Іс-шара оңтүстік астананың гастрономиясын дамыту мақсатында өткізіледі, өйткені әлемдік тәжірибе көрсеткендей, туристердің 80%-ы саяхаттарын жоспарлай отырып, елдің гастрономиялық мүмкіндіктерін де ескереді. Almaty Food Fest 2022 халықаралық гастрофестиваліне 10 мың қонақ келеді деп күтілуде.

12

ҚЫСҚА...

- Президент ТМД үкімет басшылары кеңесінің мүшелерімен кездесті.
- Мемлекет басшысы Еуропалық Кеңес Президентімен келіссөз жүргізді.
- Қазақстандық мектеп оқушылары беделді робототехника жарыстарында бірінші орынды жеңіп алды.
- Мәскеуде Әлихан Бөкейханов туралы кітаптың тұсауы кесілді.
- Almaty Food Fest 2022: Халықаралық гастрофестивальге 10 мыңдай қонақ келеді.
- Елордада ТМД Үкімет басшыларының кеңесі басталды.
- Сайлау бақылаушыларының Әдеп кодексі әзірленді.
- Елімізде пойыздағы төменгі орындар қымбаттайды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровпен және Еуропалық Кеңес Президенті Шарль Мишельмен бірге Қырғызстанның Қазақстандағы мәдениет күндерінің ресми ашылу шарасына қатысты.

Президенттер Қырғызстанның Ұлттық тарихи мұражайының коллекциясы қойылған «Ықылым мұрасы» көрмесімен танысты. Содан соң қырғызстандық өнер шеберлерінің концертін тамашалады. Концерт бағдарламасы аясында «Манас» эпосынан үзінді оқылып, халық акыны Токтоғұл Сатылғановтың санаттары (дидактикалық өлеңдері) орындалды. Сондай-ақ, халық жазушысы Шыңғыс Айтматовтың шығармаларынан үзінділер қойылды.

Сонымен қатар, қазақ және қырғыз халықтарының бауырластығын дәріптеу мақсатында қырғыз өнерпаздары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев, Мұхтар Әуезов сияқты тұлғаларымыздың бейнесін сомдап, екі халыққа кең тараған ән-күйлерді орындады.

■ СЕНАТ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бір топ Парламент депутатымен бірге ТМД Парламентаралық Ассамблеясының іс-шараларына және Қазақстан мен Өзбекстан Парламенттері Сенаттары арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі комиссияның жұмысына қатысу үшін Өзбекстанға барды.

Сенат Төрағасы ТМД Саммитінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Достастық аясындағы ынтымақтастықты дамыту бойынша бірқатар жаңа бастама ұсынғанын атап өтті. Осыған орай Мәулен Әшімбаев әріптестерін Қазақстанның ұсыныстарын қолдауға шақырды. Одан бөлек, парламенттік дипломатияны одан әрі ілгерілетудің және ТМД елдерінің заң шығарушы органдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығын тілге тиек етті. Мәулен Әшімбаев Достастықтың парламентшілерін биылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауына дайындық пен оны өткізу барысын бақылауға белсенді қатысуға шақырды.

■ МӘЖІЛІС

Мәжілістің жалпы отырысында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша депутаттар бастамашы болған мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша түзетулер екінші оқылымда мақұлданды.

Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы Жәмила Нұрманбетова мемлекеттік жастар саясаты мәселелеріне тоқтала келіп, жоба жастардың құқықтарын қамтамасыз етіп, мүдделерін қорғайтынын айтты. Айта кетейік, депутаттар «жастар» санатының жоғарғы жас шегін 35 жасқа дейін ұлғайтуды, жергілікті жерлерде жастарды қолдауды жергілікті атқарушы органдарға жүктеп, жастарды оқыту, қайта даярлау және жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасауды ұсынып отыр. «Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауын іске асыру тұрғысында депутаттар заң жобасы аясында әлеуметтік блокқа қатысты тиісті түзетулер енгізді. Осы орайда бала күтімі бойынша төлемдерді тағайындау кезеңінің ұзақтығын 1,5 жасқа дейін ұлғайту, ең төмен базалық зейнетақы мөлшерін ең төмен күнкөріс деңгейінен – 70%-ға дейін, ең жоғары базалық зейнетақы мөлшерін 120%-ға дейін дәйекті түрде жеткізу, әйелдер үшін зейнеткерлікке шығу жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде бекіту, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табыс шегін 46 еселенген айлық есептік көрсеткіштен 55 еселенген деңгейге дейін ұлғайту ескерілген», – деді депутат Ж.Нұрманбетова.

■ ҮКІМЕТ

ТМД Үкімет басшылары кеңесінің Астанадағы кезекті отырысы қарсаңында Қазақстан Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Беларусь Премьер-Министрі Роман Головченкомен кездесті.

Тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастық, өнеркәсіп кооперациясы, ауыл шаруашылығындағы өзара іс-қимыл және Беларусьте Қазақстанның мәдениет күндерін өткізу мәселелерін талқылады.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, екіжақты ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі – өнеркәсіп кооперациясы. Бүгінгі таңда 1,5 мың жұмыс орнын құра отырып, бірлескен 7 жоба іске қосылды, тағы 2 жоба іске асыру сатысында. Премьер-Министрдің пікірінше, бұл жұмыстың тиімділігін төмендетпеу қажет. Роман Головченко ауыл шаруашылығы бағытында Қазақстанда Беларусь технологиялары бойынша тауарлы сүт кешендерінде бірлескен жобаларды іске қосудың перспективаларын атап өтті. Жалпы, Беларусь Премьер-Министрі екіжақты қатынастардың барлық спектрі бойынша өзара іс-қимылды мақсатты түрде нығайтуға дайын екенін айтты.

■ ЖУРНАЛИСТИКА

Astana Media Week–2022 форумының екінші күнінде «Журналистің кәсіби құзыреттілігінің өзгеруі» тақырыбында жиын өтті.

Журналистиканың өзекті мәселелері талқыланған конференцияда журналист этикасы, жаңа технологияның дамуымен бүгінгі күннің талабы, «дата журналистика» және журналистерге арналған заң жобасы талқыланды.

Қазақстандық қоғамдық даму институты басқарма төрағасының кеңесшісі Әлібек Қисыбайдың айтуынша, дата журналистиканы дамыту керек. Бұл ретте цифрлармен, деректермен жұмыс істей алатын журналистер – қазіргі күннің талабы. «Журналистің қызметі бұл ақпаратты ұсыну ғана емес қой, өңдеп өзегін беру. Ол үшін ақпараттармен жұмыс істей алуы керек. Дата журналистика саласы – әртүрлі мамандардың тоғысқан ортасы да болуы мүмкін: әлеуметтанушы ғалымдар, статистиктер, тағы басқалары қатыса алады. Міне, қазіргі трансформация, бұл бір журналистика саласының шеңберінде емес, жан-жақты болып деректерді талдай алу», – деді Әлібек Қисыбай.

Сессия соңында сенатор Дана Нұржігіт журналистердің кәсіби этикасы жөнінде сөз қозғады, әсіресе Парламентке келетін кейбір сала мамандары талқыланатын заң жобасы туралы мүлде хабарсыз және дайындықсыз келіп жататынын айтты. Сондай-ақ, ол жақын арада Парламентте Журналистерге қатысты заң жобасы қабылданатынын атап өтті. Әріптестерін сол заң жобасын бірлесіп талқылауға шақырды.

■ КЕЗДЕСУ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Бодрум мэрі Ахмет Араспен кездесті




Рая
ЕСКЕНДІР

Жылы шырайлы кездесу барысында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, туризм саласындағы әріптестік мәселелері кеңінен талқыланды.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында Алматы мен Түркия арасындағы тауар айналымы өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда шамамен (294 млн доллар) 32,5%-ға ұлғайып, 380 млн доллардан асып отыр. Қазақстандағы түрік капиталының қатысуымен жұмыс істейтін компаниялардың жартысынан көбі Алматыда орналасқан.

Сондай-ақ, кездесу барысында «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалар» бойынша туристік саланы дамытуға көп көңіл



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

бөлінетіні айтылды. Сөз жоқ, Бодрумның танымал туристік орталық ретіндегі тәжірибесі Алматы қаласы үшін пайдалы болары анық.

Кездесуге қатысушылар екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтті. Алматыда «Ахыска» этномәдени

орталығы жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар, 30-дан астам мектепте түрік тілі оқытылады, бірлескен мәдени іс-шаралар жиі өткізіледі.

Кездесу қорытындысында тараптар перспективалы бағыттар бойынша екіжақты ынтымақтастықты дамыту туралы уағдаласты.

■ ЗЕРДЕ

БАҚИЛЫҚ БОЛҒАН
ЖУРНАЛИСТЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қазақстан Журналистер одағы ЮНЕСКО қамқорлығымен Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық орталығымен бірлесіп, отандық БАҚ-тың қалыптасуына елеулі үлес қосқан, өмірден өткен қазақстандық журналистерді еске алуға арналған акция өткізді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Аталмыш акция Қазақстан Журналистер одағының ғимаратында өтті. Шара ЮНЕСКО-ның білім қоғамдарын құру жөніндегі идеяларын іс жүзінде жүзеге асыру мақсатында Дүниежүзілік даму туралы ақпарат күніне сәйкес ұйымдастырылды.

Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаевтың айтуынша, акцияны ұйымдастыруға ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов қолұшын созды. Бұл акция алғаш рет былтыр қазан айында өткен еді.

1972 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Дүниежүзілік даму туралы ақпарат күнін құруға шешім қабылдады. Мақсаты – әлемдік қоғамның назарын түйткілді мәселелерге және оларды шешу үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға аудару. Ассамблея бұл күн негізінен Біріккен Ұлттар Ұйымы күні – 24 қазанмен сәйкес келуі керек деп шешті.

Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары тұрақты әрі тәуелсіз болашақ құру, елдегі кедейлік, теңсіздік, қоршаған ортаның нашарлауы, бейбітшілік пен әділеттілік сияқты өзге де маңызды жаһандық

мәселелерді шешуді қамтиды. Журналистік міндеттерін абыроймен атқарған отандық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің біразы бүгінде өмірден өтіп кетті. Сондықтан осы іс-шара еліміздің, қоғамның дамуына үлес қосқан, дер кезінде шынайы ақпарат таратқан журналистерді еске алуға арналады. Жиынға марқұм болған журналистердің жақын туыстары, қазақстандық баспасөз ардагерлері, сондай-ақ, көрнекті ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов қатысты.

Шынайы ақпаратты уақытында жеткізу, қоғамдық пікір қалыптастыру – журналист үшін маңызды міндет. Бақилық болған журналистердің қызметтегі естеліктерімен бөліскен шара қатысушылары бірнеше ұсыныс та айтты. Болашақта журналистер туралы кітап та жазылуы мүмкін.

Бытыр акция басталғалы бері Қазақстан Журналистер одағы Алматы қаласы бойынша қайтыс болған журналистердің тізімін жасауды бастаған болатын. Қазақстан Журналистер одағының жауапты хатшысы Баян Рамазанованың айтуынша, бұл тізім әлі де жаңартылады. Себебі, журналистер өте көп. 5-6 облыстан тізім жіберілді. Тек қала бойынша ғана емес, еліміздің жер-жерінен журналистердің тізімі жасалады. Пандемиядан бөлек, басқа да емі жоқ аурудан қайтыс болған журналистердің есімі енгізіледі.

Айта кеткен жөн, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің ғимаратында бүгінде өмірде жоқ журналистердің бұрын тұтынған заттары, диктофон, фотоаппарат, т.б. заттар сақталған.

Журналистердің қоғамдық өмірдегі еңбегі мен үлесін бірауыз сөзбен бағалау мүмкін емес. Қапыда қаза болған қазақстандық журналистер отандық БАҚ үшін айтарлықтай үлес қосты. Журналистерді еске алуға арналған шара 1 минут үнсіздікпен басталды.



ӘКІМ

ЖАҢА НЫСАНДАР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесті



Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІМІ БАР

Ауданда сапалы ауызсумен қамтамасыз ету өзекті мәселе болып қала береді. Шаһар басшысы оны шешу үшін қазіргі уақытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Бүгінгі күні 2 су қоймасының 104,2 шақырым инженерлік желілерінің құрылысы белсенді жүргізілуде, сондай-ақ сорғы станциялары бар қосымша магистральдық су құбырын жобалау басталды.

Қарғалы су қоймасы бойынша жұмыстар 92%-ға аяқталды, пайдалануға беру келесі жылдың маусым айына жоспарлануда. Ақсай станциясының жобасы бойынша бүгінде жұмыстар жүргізілуде, нысанды тапсыру 2025 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланған.

Ауданды тұрақты электрмен қамтамасыз ету үшін 79 трансформаторлы қосалқы станция жөнделіп, 3,8 шақырым электр желілері қайта жаңартылды. Сондай-ақ, ауданда 48 көшеде сыртқы жарықтандыру жүргізілді. 2023 жылы тағы 59 көшеде жарықтандыру мәселесін шешу жоспарланған.

Жол инфрақұрылымы мен қоғамдық көлікті дамыту мәселесі бойынша ұзындығы 23 шақырым болатын 30 көшенің орташа жөндеу жұмыстары аяқталды, 2022 жылдың қараша айының соңына дейін ұзындығы 7 шақырым 8 көше жөнделеді. Сондай-ақ жыл басынан бері «Ақжар» шағынауданында ұзындығы 6,7 шақырым болатын 19 жаңа көшеге асфальт төселді.

МЕДИЦИНА МЕН БІЛІМ САЛАСЫНА КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ

Оқушы орындарының тапшылығын төмендету үшін 2022 жылдың 1 қыркүйегіне қарай «Қалқаман» шағынауданында 1800 орынды 2 мектеп және «Қарғалы» шағынауданында 600 орынды жеке мектеп ашылды. Жыл соңына дейін «Қалқаман» шағынауданында 1500 орынды тағы 2 мектеп және «Алма Сити-5» ТК аумағында 1200 орынға арналған мектеп пайдалануға беріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығын қысқарту мақсатында жыл басынан бері 700 орынды 12 жекеменшік балабақша ашылды. «Шұғыла» шағынауданында 2023 жылдың шілдесінде аяқталуы тиіс 320 орынды жаңа балабақша салынуда.

Сонымен қатар, 3 балабақша бойынша ЖСК әзірленуде: «Құрамыс» шағынауданында 320 орынды, «Шұғыла» шағынауданында 320 орынды және «Қалқаман» шағынауданында 240 орынды.

Медициналық қызмет көрсетудің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 500 адамды қабылдайтын 2 жаңа емхана және 1 отбасылық-дәрігерлік амбулатория (200 адам) салу жоспарлануда. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2023 жылға жоспарланған.

АУДАН АЙМАҒЫ КӨРКЕЮДЕ

Ауданда қатты жауын-шашын кезінде су басу мәселесі өзекті болып қала береді. ТЖ желісі бойынша 6 учаскені жою жұмыстары жүргізілуде. 4 учаске бойынша жұмыстар аяқталды. Ойжайлау өзенінің ұзындығы 1,1 шақырым арнасы нығайтылды, Төлебеков,

Талжанов, Жадыр (800 метр) – 3 көше бойынша арық желілері салынды. Ағымдағы жылдың қараша айының соңына дейін Райымбек даңғылы бойынша «Нұрлы Дала» ТК-де ұзындығы 1,4 шақырым Ақсай өзенінің арнасына дейін және Сәбденов көшесіндегі арық желісін абаттандыру аяқталады.

Сондай-ақ, қала әкімі Ерболат Досаев «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының іске асырылу барысы туралы хабардар етті. Биыл ауданда 47 жоба жүзеге асырылды. «Ақжар» (3 га) және «Қалқаман» (2,5 га) шағынаудандарында, Қонаев көшесі бойындағы ұзындығы 1,2 км жаяу жүргіншілер аймағы, «Мейрам» шағынауданында жаяу жүргіншілер аймағы және т.б. абаттандырылды. Қоғамдық кеңістіктердің 21 учаскесі (скверлер, балалар алаңдары, аулалар) және жол инфрақұрылымы бойынша 26 жоба да абаттандырылды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

● ТҮЙІН:

Алматы қаласы әкімімен кездесу барысында тұрғындар жолдарды жөндеу, кәріз және электр желілерін абаттандыру, т.б. мәселелерді көтерді. Әр сауалға нақты жауап беріліп, тиісті мекемелерге тапсырма берілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесудің жаңа форматына сәйкес, жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді – 8 ауданның әрқайсысының тұрғындарымен тоқсанына бір кездесу.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Ауданда ұзындығы
23 шақырым
болатын 30 көшенің орташа
жөндеу жұмыстары аяқталды.




Жыл соңына дейін
1500 орынды
2 мектеп және «Алма Сити-5» ТК
аумағында 1200 орынға арналған
мектеп пайдалануға беріледі.



2023 жылы
500 адамды
қабылдайтын 2 жаңа емхана
және 1 отбасылық-дәрігерлік
амбулатория
(200 адам) салу жоспарланған.



Наурызбай ауданында жыл
соңына дейін
300 бейнебақылау
камерасы орнатылады.



«Халық қатысатын бюджет»
бағдарламасы аяқсанда ауданда
47 жоба
жүзеге асырылды.



2023 жылы
59 көшеде
жарықтандыру мәселесін шешу
жоспарланған.



БЮДЖЕТ



ОҢ НӘТИЖЕ

«Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жақсы жұмыстар атқарылып жатыр

Мемлекет басшысы өзінің халыққа Жолдауында: «Халық қатысатын бюджет» жобасы тиімді іске асырылып жатыр. Оның ауқымын кеңейтіп, жобаға қалалар мен ауылдарды тарту керек» деген болатын.

Алматының аумағын абаттандыру, дамыту бойынша жергілікті бюджет қаражатын бөлу процесіне қала тұрғындарын қатыстыру арқылы қалалық бюджетті қалыптастырудың ашықтығын көздейтін «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бүгінде оң нәтиже беруде. Жоба іске қосылған сәттен бастап белсенді қала тұрғындарының қалауымен біраз жерлерде әдемі ойын алаңдары, қоғамдық кеңістіктер бой көтерді. Мегаполистің әр ауданында қолға алынған жобалар осы бағдарламаның жемісі деуге болады.

Қала әкімі Ерболат Досаев қала тұрғындарымен кездесулерінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарла-

масы аясында балаларға арналған түрлі спорт алаңдары салынатыны айтылды. Қала басшысының айтуынша, бүгінде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын қаржыландыру 1,8 млрд теңгеге дейін көбейді. Ресми деректерге сүйенсек, биыл бағдарлама аясында көптеген жоба аяқталып үлгерді. Әлі бірнешеуі жыл соңына дейін аяқталуы қажет. Осы жобалар аясында футбол, баскетбол, волейбол алаңы салынуда. 6 сквер ағымдағы жөндеуден өтуде. Бұл бағытта қазіргі таңда Алматының барлық аудандарында абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр. Көпшілікті қуантатын жағымды жаңалық Алматыда әлі де көп екені сөзсіз.

ЖӘРМЕҢКЕ

НАРЫҚТАҒЫ БАҒАДАН ТӨМЕН



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСЫЕВ

29–30 қазанда Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңкеге Қарағанды облысының 7 ауданы мен Қарағанды, Саран, Шахтинск қалаларының фермерлері қатысады.

Бұл жолы алматылықтарға ұсынылатын өнім ассортиментінде 40-тан астам атаулардан құралған ет-сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, ұн, жарма, өсімдік, жануар майлары және т.б. өнімдер бар. Өнімнің жалпы көлемі – 222 тоннаны құрайды. Оның ішінде 50 тонна ет өнімі; 155 тонна жеміс-көкөніс, 4 тонна сүт өнімі, 3 тонна балық пен 10 тонна өзге де өнімдер бар.

Жәрмеңке әдеттегідей Шевченко көшесінің бойында, Қонаев көшесі мен Пушкин көшелерінің аралығындағы мекенжайда («Ғылым ордасы» археология мұражайына қарама-қарсы) сағат 8.00-ден кешкі 17.00-ге дейін болады.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ

ҮЙІҢІЗ ЖЫЛЫ МА?

Жыл айналып келетін қысқы қамданысқа алып шаһар жер қара, күн жылыда-ақ кіріскені белгілі. Соның нәтижесі болар, әзірге қала тұрғындарынан «үйіміз суық немесе жылу аз» деген шағымдар түсе қойған жоқ.

Дегенмен, алдағы маусымның қандай болатынын біз әзірге білмейміз. Сондықтан қай-қайсымыз болсақ та үйіміздің қысқа әзірлігін қар жаумай тұрып, тағы бір мәрте тексеріп алсақ, артық болмайды. «Жалпы, санитарлық талап бойынша жабық ғимараттың ішіндегі қалыпты температура 20-22 градус болуы керек. Егер одан салқын болса, есік-терезелердің жылылығына мән берген жөн. Ал одан кінәрат болмаса, кілт-типанды тұрғын үйдің ішінде орнатылған жылу желісінен іздеу қажет» дейді мамандар.

Негізінде, жылу қаладағы барлық үйге бірдей беріледі. Бірақ, коммуналдық қызметке, оның ішінде жылу мен ыстық суға уақытында төлем жасамағандардың үйлеріне баратын жылу кешігуі мүмкін. Себебі, берешегі бар. Мәселен, алматылықтар биыл коммуналдық қызметке 1,5 млрд теңге қарыз екен. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте «Алматы жылу желілері» ЖШС бас инженері Данияр Қазымбетов айтқан болатын. Ведомство өкілінің айтуынша, олардың қатарында заңды және жеке тұлғалармен қатар, мемлекеттік мекемелер де бар.

Жалпы, біле жүріңіздер, егер үй температурасы әдеттегіден төмен болса, онда оның себебін тұрғын үйдегі жылыту желісінің ішкі жүйесіндегі ақаулардан іздеген дұрыс. Үйдің есік-терезесі дұрыс қымталмаса да баспананың жылуы екіталай. Демек, кілт-типанды көп жүйенің түрлі себептері көп. Мұның барлығының анық-қанығына жету үшін, ең алдымен, бізге жылу энергиясы құрылғыларының тілін білетін білгір маман қажет-ақ. Онсыз жұмыстың сапасы болмайды. Мамандар суық радиаторлар мен батареялар, талапка сай орнатылмаған жылыту ошағы да жылудың үйіңізге жетпеуіне бір себеп дейді. Бұл сөздің жаны бар. Өздеріңіз де байқап жүрген шығарсыздар, кейде бір бөлмедегі батарея ыстық болса, екіншісі салқын болады. Демек, қысымның қалыпты жағдайда болмауына ескі батареялардың да қосар «үлесі» зор. Одан кейін көпшілігіміз жаңадан пәтер сатып алғанда үйдің жоспарын өзгертіп, қалауымызша жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Рас қой. Міне, сол кезде бүкіл үйдің жылыту жүйесін де өз-



гертіп жататынымыз шындық. Бұл да жылудың дұрыс айналысуына кедергі келтіреді. Демек, үй сатып алып, жылу құбырларын ауыстырғанда да өте абай болған жөн. Өйткені, оның да өз ережесі бар. Егер еденнен 10 см жоғары, қабырға мен жылу көзінің арасында 2-3 см бос орын қалдырып, түзу орнатылғанда ғана жылу бабында жетеді. Сондықтан көпқабатты үйлердің жылыту жүйесін жөндеуден өткізіп, құбырларын ауыстыру қажет болғанда, айналаңыздағы, яғни жоғары және төменгі қабаттарда тұратын көршілеріңізбен келісе отырып, мүмкіндігінше бірдей материалдармен ауыстырсаңыз жылу маусымы кезінде қиындық көрмейсіз.

Айтпақшы, жылудың тұтынушыға жетпеуіне МИБ қызметкерлерінің қамсыздығы да себеп. Неге десеңіз, олар жылыту маусымы алдында барлық жылу жеткізетін техникалық құрал-жабдықтарының сапасын тексеріп, құбырларды тазалап, өз жұмыстары жөнінде жылыту мекемелерін хабардар етуі тиіс-ті.

Қысқасы, алматылықтар пәтерлердегі жылыту ошақтарын реттеп алмай, үйдің іргесіне жеткен жылудың дұрыс таралмайтынын естен шығармаса екен.

Бүгінде көппәтерлі тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету процесі толығымен аяқталды. Ал үйлеріне әлі жылу қосылмаған тұрғындар, мәселенің анық-қанығын білу үшін арнайы мамандардың кеңесіне жүгінгені жөн, сонымен қатар МИБ төрағаларын құлағдар еткен абзал. Өйткені, жылу желілері жылу энергиясын баланстық шектеу шекарасына дейін, яғни үйге кірер жерге дейін әлдеқашан жеткізіп қойған.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

АҒАШТАР САНЫ КӨБЕЙЕДІ

Алматыда көшет отырғызу жұмысы жалғасуда

Әлем қызыға көз тігетін Алматының экологиясын жақсарту, оның баға жетпес қазынасын арттыра түсу – әрбір қала тұрғынының міндеті.



Бұл бағытта мегаполисте түрлі іс-шаралар көп ұйымдастырылуда. Өйткені, көгалдандыру, қоршаған ортаны таза ұстау, сенбілікке шығу секілді игі істер жас ұрпақтың экологиялық тәрбиесіне әсер етіп, қоршаған ортаны аялауға үйретеді.

Қоршаған орта және экология басқармасының мамандары Республика күніне арнап «Таза табиғат» жалпы республикалық экологиялық акциясын өткізді. Сауабы мол, игі шара аясында Алматының барлық аудандарында сенбіліктер ұйымдастырылып, шараға қатысқан эко-белсенділер, студенттер, мемлекеттік қызметкерлер, сондай-ақ, коммуналдық қызметкерлерден құралған 500-ге жуық адам ағаш отырғызды, аумақты қоқыстардан тазартты.

Қаламызды көркейтуге бағытталған кез келген істің өз деңгейінде өтуі оның басы-қасында жүрген ұйымдастырушыларына байланысты екені сөзсіз. Сенбілікке келгендерді түгел құрал-саймандармен, коқыс жинауға арналған қаптар, қолғаптармен қамтамасыз етілгеннен басқарма мамандарының аталмыш шараға тыңғылықты дайындалғанын байқауға болады.

Акцияға барлығы 2331 адам қатысып, 108 арнайы техника жұмылдырылды. Тазалық жұмыстарының нәтижесінде қала сыртына 271 тонна қоқыс шығарылды. Одан кейін ағаш егу жү-

мыстары қолға алынып, қатысушылардың көмегімен барлығы 2460 көшет отырғызылды. Дәл осындай тазалық жұмыстары Кіші Алматы өзенінің жағасындағы «Аспан саябағында» жүзеге асырылды. Қалалық экологиялық акция барысында аймаққа 1500 ағаш отырғызылды.

Қаланың тыныс-тіршілігінде жасыл желектің пайдасы зор. Ағашың көп болса, абаттандыру деңгейі артады. Демалыс аймақтары, скверлер мен саябақтар пайда болады. Алматыны жасылдандыру бұл өз кезегінде қалалықтардың өмір сүруіне жайлы жағдай да бола алады. Эколог-мамандар бір ағаш жылына 90–120 келіге дейін оттегі өндіретінін көп адам білмейтінін

айтады. Яғни бір ағаш берген оттегінің көлемі үш адамның бір жыл бойы тыныс алуына жетеді. Одан бөлек ағаш ауадағы шанды өзіне сіңіреді. Демек, өсімдік хәм жасыл желек – табиғи фильтр. Егер осындай ақпараттарды халық білсе, жасыл-желекке деген көзқарасы артып, түрлі негатив оқиғалар азаяр еді. Ол үшін бізге халықтың экологияға қатысты түсінігін арттыру жұмыстарын тоқтатпауымыз керек-ақ дейді табиғат жанашырлары.

Республикалық ауқымда өткен шара соңында Қоршаған орта және экология басқармасының мамандары Алматының жасыл қорының молаюына қосқан үлесі үшін атсалысқан барлық белсенділерге алғыс айтты.



ЖОЛДАУ-2022

Сапарбай ЖҰБАЕВ,
қаржы сарапшысы:ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ –
БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Жолдау мемлекеттік бюджет бекітіліп жатқан шақта жолданды. Демек, алдағы жылдың бағыт-бағдары, істелінетін істері айқындалды деген сөз. Қазынадан арнайы қаржы бөлініп, жаңа жобалар жүзеге асырылмақ.

Соның бір дәлелі – бала күтімімен отырған аналардың 1 жасқа дейінгі төлемі 1,5 жасқа дейін төленетін болды. Бұл да дұрыс! Ана үйде отырып баласын өсіріп жетілдіреді. Көрші Өзбекстанда 3 жасқа дейін бала күтіміне ақша бөлінеді. Әлбетте оның да өз ережелері бар. Бұрыннан бері осы нәрсені бізге де ендіру керек дегенді айтып келеміз. 2006 жылы өзіміздің Қазақ еліне Өзбекстаннан қоныс аудардық. Сол шақтарда осы мәселені көтергенбіз. Сонда маған атқамінерлер «1 жасқа дейін төлейміз, егер мұқтаж болса 3 жасқа созамыз» деп еді. Мұнысы ақылға қонымды. Әгәрәки, онсыз да дәулеті тасып тұрса, оған қалған 2 жыл қаржы шығындаудың не қажеті бар?! Сол себепті, әлгі төленетін ақшаны нақ

күнкөрісі аздау жандарға бөлген жөн ғой деп түйдім.

Сондай-ақ, Ұлттық қордан әр баланың есеп-шотына 18 жасқа дейін қаржы төленбекші. Бұл көптен бері жұрты толғандырған сұрақ еді. Ол да өз дәрежесінде іске асқалы тұр. Осының механизміне көбірек көңіл бөлсек деп едім. Ұлттық қорда шамамен 55 миллиард АҚШ доллары шамасында қаражат бар. 2014 жылы 90 миллиард төңірегінде қаржы болған. Соңғы 2-3 жылдағы пандемия, қаржылық дағдарыс, державалардың текетіресі, т.б. жағдаяттар күрделі жолдарға әкеліп отыр.

Яғни осындай келенсіздіктерге қарамастан Қазақстан өзінің Ұлттық қордағы қаражатының 50%-ын балалардың есебіне аудармақшы. Осы тұста бір кілтипан туындайды. Бізде 162 олигарх бар. Сонда олардың да баласына беріле ме, әлде қалай болмақ?! Бірнеше күнде 2-3 мың доллар шығындайтын қаржы салудың қисыны жоқ деп білеміз. Міне, сол жағын айқындаған абзал.

Әлгі 162 бай-бағлан түсімізге кірмейтін байлықты иеленуде. Тым ауқаттылар әлемдік деңгейдегі қауқарлылар санатына жатады. Бұл жуықтап алғанда халқымыздың 10%-ын солар сияқтылар құрайды дегенді қуаттайды. Аса бай-манаптар әр балаға 18 жасқа шейін құралатын 6 мың долларға қарап қалған жоқ. Тіпті керек те емес. Жәй айталық, 40% халқымыздың ас-ауқаты, тұрмысы түзу деп алайық. Егер осы топтағылардың табасы 100 мың доллардан асып жатса, онда оларға да мұның қажеті болмайды.

7-8 баласын қолына алып, үлкен мегаполистерде үйсіз-күйсіз қаншама отбасы жүр. Ата-анасының тапқаны қант-шәйден артылмайды. Кедейшілік қамытын кигендерді ескермесек болмайды. Себебі, көпбалалы аналар бала-шағасының өз несібесі болады деп, дүниеге 10-нан аса сәби әкеліп жатқандары да бар. Ондай жандар нағыз экономиканың драйвері. Демографиялық өсім бар жерде бәсекелестік артады, Отанды қорғайтын оғландар туы-



лады. Бірақ осының түйінін тарқататын жүйелі механизмді тездетіп табу керек.

Біз популистік қадамға бармайық. Мұндай соқпақтан шығудың жолын айтайын. Жаппай бай-шоншар, қаражаты өз басынан асып тұрғандарға шығындалғанша, нағыз әлеуметтік осал топтарды анықтап, көпбалалы отбасыға, әлеуметтік аз қамтылғандарға және мүгедек жағдайда жетіліп келе жатқан жанұялардың балаларына қаржы аударып отырайық. Сонда әлгі 6 мың бірнеше жыл жиналып 60 мың долларға жетеді. Кәмілет жасына толған соң, үй алуға, оқуға түсуге, денсаулығын емдеу сынды түрлі нәрсеге жұмсайтын болады. Осыны реттеп, қадағалайық. Мәселен, 2023 жылдан 18 жыл есептесек, 2041 жыл болады. Сонда оған дейін жиналған қаржы құнсызданып кетпей ме, сол жағын да

әзірден қарастырған абзал. Ал бірақ көтерілген бастама дұрыс. Ең бастысы, өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, осындай сындарлы шақтан аман-есен өтіп кеткеніміз жөн.

Сонымен қатар, баспана салу көлемін ұлғайту керек. Бұл қордаланып қалған түйткіл. Әркім өз ойын айтып, шешу жолдарын ұсынып жатыр. Биыл 18 миллион шаршы метр тұрғын үй салдық. Өте дұрыс. Әрине, оған маз болып отыра беруге әсте болмайды. Баға деген шарықтап барады. Атқарылар іс көп. Бұлай болуға ғаламдағы түрлі жағдай, ауа райымызға дейін әсер етуде. Еуропада әркімге 50–60 шаршы метр қарастырылған. Кеңес одағының тұсында 16 шаршы метрге жеткізді. Ал біз қазақпыз ғой. Менталитетіміз сәл өзгеше. Үйге келіп-кететін ағайын-туыс, бауыр, құда-жегіз бар. Ол

жағын да ойлаймыз. Сондықтан құр жүзеге аспайтын шығыны көп жобаларға қаржы бөлгенше, баспананы көбірек салайық. Аз ғана халықты үймен қамтиық. Әрине, хал-қадірімізді де ұмытпайық. Сонымен бірге, облыстар арасындағы жолдарды бірден сапалы материалдардан істейік. Әйтпесе, ауа райымыздың салдарынан жылда құрақ көрпе құсап, қырық жамауға тура келеді. Егер сіздің табысыңыз болмаса, үйдің кезегіне де алмайды. Ал депозит жинауға 3 жыл кетеді. Осындай бір-біріне қарама қайшы келіп тұрған мәселелерді тездетіп шешейік.

Жолдауда алға қойылып отырған мақсат елдің әл-ауқатын арттыру болып саналады. Сондықтан бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай Қазақ мемлекетінің қарыштап дамуына жұмыс істейік демекпін.

САЙЛАУ-2022

Сайлаушылар мен үміткерлерге
көмек көрсетіледіДосбол
АТАЖАН

Алматыда «Адал сайлау үшін» қозғалысының бастамасымен «Азаматтардың сайлау құқығының конституциялық кепілдіктері» тақырыбында үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен кездесу өтті.

Жиынға «Қоғамдық келісім», «Қазақстан жастары», «Ассамблея жастары», «Жанашыр», «Даналық» және өзге де үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер мен қозғалыстардың өкілдері қатысты.

Жиын барысында алдағы сайлаудың әділ әрі заңға сай өтуі үшін не істелуі керектігі талқыланды. «Адал сайлау үшін» қозғалысының Алматы қаласы бойынша

жетекшісі Бауыржан Мақұлбаев ұйымның негізгі мақсаты мен міндеттерін айтып өтті:

– 27 қыркүйек күні Қазақстан заңгерлер одағының штабында заң саласына қатысы бар барлық мамандарды біріктіретін «Адал сайлау үшін» қозғалысы құрылды. Қозғалыстың негізгі ұстанымы – ешқандай Президенттікке үміткерді не партияны қолдап насихаттық жұмыстар жүргізбеу. Біз сайлау процесіне тікелей қатыспай, бірақ сайлаушылар мен сайлаушыларға құқықтық көмек көрсету мақсатын ұстанамыз, – деді.

Сондай-ақ, ол үкіметтік емес ұйымдарды алдағы сайлаудың барынша әділ өтуі үшін белсенділік танытуға шақырды:

– Бүгін қоғамдық бірлестіктерді жинап, сіздер арқылы қоғамға әсер еткіміз келеді. Қоғамдық бірлестіктер мен қорлар сайлаудың әділ өтуіне үлес қосса дейміз. Әр адам сайлаушы ретіндегі құқығын біліп, оны қорғай алуы қажет. Сондықтан адамдарға қажетті ақпаратты жеткізуді өтінеміз, – деді Б.Мақұлбаев.

20 қараша
ноября 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫНДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

Сайлау учаскесінде осы учаскенің тізіміне енгізілген азаматтар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар дауыс бере алады



Сайлау бюллетені жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде де беріледі



Әр сайлаушы жеке өзі дауыс береді

Азамат сайлау бюллетенін дауыс беруге арналған кабинада толтырады



Өзі дауыс беретін кандидат тегінің оң жағындағы бос шаршының ішіне белгі қояды немесе «Бәріне қарсымын» жолындағы шаршыға

Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы

Толтырылған бюллетень сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



ДӘРУМЕН

Ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық сусын – қымыздың денсаулыққа пайдасы орасан зор екендігі бұрыннан белгілі. Бұл туралы талай айтылып та, жазылып та келеді. Қымыз адамды қуаттандырады, құрт ауруының алдын алады. Біз бүгінгі тақырыпта қымыздың шипасы туралы сөз қозғағанды жөн санадық.

Серік
ЖҰМАБАЕВ

ҚЫМЫЗДЫҢ ҚАДІРІНЕ ҚАШАН ЖЕТЕМІЗ?

Ұлттық сусын қырық түрлі ауруға ем

Асқазан жұмысын жеңілдетеді

Бұл ұлттық сусын асқазан, тыныс жолдары, ішек ауруларының алдын алады. Қымыздың құрамындағы барлық элементтер адамның бойына тез тарайды. Жылқы сүтінің майлылығы тіл үйіреп, ақуызы сіңімді. Қымызды қазақтар ет жегеннен кейін ауыр асты қорыту үшін ішкен. Яғни қымыз құрамындағы көмір қышқылы тәбетті басып, асқазан жұмысын жеңілдетеді. Жылқының жаңа сауылған саумалының құрамында С дәрумені мол. Қазіргі таңдағы иммунитеттің қорғаны, вирустың алдын алушы да осы дәрумен екені белгілі. Сол себепті, өкпелі ауруларымен ауырған адам ең бірінші саумал ішкені дұрыс.

Бір өкініштісі, біз осы ұлттық сусынымыздың қадіріне жете алмай келеміз. Мәселен, Германияда 50 жылдан бері қымыз өндірушілер одағы жұмыс істейді. Германия арқылы бие сүтін өндіру идеясы Еуропаның басқа да елдеріне тарап отыр. Қазір қымызды Австрия, Голландия, Италия мемлекеттері өндіре бастады. Біз тек қымызды сусын ретінде пайдалансақ, немістер қымыздан әйелдерге арнап иісмай, косметика жасап, балаларға балмұздақ дайындап береді. Осылайша олар өз технологиясымен шығарған қымызын патенттеп алып отыр.

Қымызбен емдейтін санаторий ашу керек

Негізі, қымыз біздің 6 мың жылдық тарихы бар бірегей сусынымыз. Біздің заманымыздан бес ғасыр бұрын өмір сүрген әйгілі Геродоттың: «Көшпенді сақтардың сүйікті сусыны – бие сүті. Оны олар ерекше тәсілмен дайындаған және қымыз дайындау тәсілін құпия сақтаған. Егер оның құпиясын біреу ашса, екі көзін ағызып жіберетін болған» деген екен. Осы сөздерден-ақ қымыздың қазақ үшін қаншалықты құнды екенін аңғаруға болар. Ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан мұра болып келген бұл игілік бағаланып, атадан балаға мирас болып келді. Ал қазір неге жалғасын таппай қалды? Якутияда (Саха республикасы) қымыз туралы арнайы заң бар екен. Тіпті, көрші Ресейдің өзінде қымыз өндіретін 80-нен астам фирмалар болса, тек қана қымызбен емдейтін 48 санаторий бар көрінеді. Ал бізде ше? Қазақтың ұлттық сусынына деген сұраныс қандай?

Газдалған сусындар қаптады

1919 жылы Қазақстан территориясында 16 миллион жылқы болған. Ал қазір бар-жоғы 1,5 млн ғана қалды. Өйткені, Сталин мен Голощекин қазақтың рухын сындырып, кең даласын тартып алу үшін ең алдымен біздің бабаларымызды жылқыдан айыру

ҚЫМЫЗДЫҢ ПАЙДАСЫ

1. Иммунитетті арттырады. Қымыздағы С витамині иммунитетті нығайтады және вирустар мен инфекциялардың теріс әсерімен күресуге көмектеседі.

2. Қан айналымын жақсартады. Қандағы холестерин деңгейін төмендетеді.

3. Жүйке жұмысын нығайтады.

4. Күш береді.

5. Қымыз асқазан жарасын, гастрит, ұйқы безінің ауруларын емдеуде сәтті қолданылады.

6. Туберкулезді емдейді.

7. Сондай-ақ, қатерлі ісік ауруының алдын алады. Қазақ тағамтану академиясының мамандары бие мен ешкі сүтінен дайындалған өнімдерді химиотерапия курсынан өткен онкологиялық аурулармен ауыратын науқастардың рационына қосуды ұсынды.



керек болды. Ет комбинаттары ашылып, төрт түлігіміз қынадай қырылды. Одан кейін шекарамыз айқара ашылып, елімізге шетелдің арақ-шарап, сыра, кока-кола, пепси-кола секілді түрлі бояу қосылған газдалған сусындары қаптады. Осылайша ұлттық сусындарымыздан ажырап қалдық. Қазіргі кезде қасиетті сусындарымыз ас бергенде немесе өлім-жітімде ғана қойылатын болды. Енді-енді кей жерлердегі той-думандардың дастархан мәзірінде қымыз қойыла бастады. Бірақ өкінішке қарай, әлі де дастарханымыздан арақ-шарап, түрлі газдалған сусындар түспей тұр. Неге?

Өйткені, олардың жарнамасы күшті. Қазір Австралия кока-коланы жарнамалауға тыйым салып, оның зиян екендігін жұртшылыққа түсіндіруде. Неге бізге де адам денсаулығына зиян келтіретін газдалған сусындардың жарнамасына тосқауыл қойып, оның орнына табиғи сусындарымыздың жарнамасын күшейтпеске? Сонда ұлттық сусынымызға сұраныс артып, халық денсаулығының, демографиямыздың жақсаруына оң әсер етер еді. Сондай-ақ, ауыл-ауылдарда қымыз өндіретін зауыттар ашылып, жастарымыздың жұмыс істеуіне мүмкіндік болар еді.

Ұлттық сусын – дертке дауа, жанға шипа

Шынында да, елімізде арақ-шарап, газдалған сусындар, сыраханалар қаптап кетті. Ал ұлттық сусындарымыз – қымыз бен шұбатты қала тұрмақ, ауылдан табу қиынға соғып барады. Қазір интернеттегі мәліметтерге сүйенсек, елімізде жылына 4 млн 800 мың литрге жуық сыра өндіріледі екен. Ғалымдардың дәлелдеуінше, егер ерлер сыраны көп ішсе, оның еркектік гормондары әлсіреп, бойында әйелге тән қасиеттер пайда болады екен. Ал әйелдер көп ішсе керісінше, еркектік гормондары көбейіп, сәби дүниеге әкеле алмайтын жағдайға жетеді екен. «Қазір Еуропа елдерінде «көгілдірлер» мен «лесбиянкалардың» көбеюі сыраның салдарынан болуы мүмкін», – дейді кейбір ғалымдар.

Қалай десек те, арақ-шарап, сыра, кола дегендерден біржола арылып, (олардың зиян екендігін бәрі біледі), қош иісті, дертке дауа, жанға шипа болар ұлттық сусындарымызды пайдаланып, тұтынатын кез әлдеқашан келді. Енді кафе-мейрамханалар, түрлі тамақтану орындарының иелері жұртшылықтың арақ-шарап, сырадан жалығып, шаршағандығын түсініп, өздерінің ас мәзіріне ұлттық тағамдар мен ұлттық сусындарды енгізіп қойса қандай тамаша болар еді.

Бие сүті – ана сүтімен бірдей

Негізі, сүт екі топқа бөлінеді. Бірі – казеиндік сүт болса, екіншісі, альбуминді сүттер тобы. Мәселен, қойдың, ешкінің, сиырдың, түйенің сүттері казеиндік сүттер тобына кіретін болса, альбуминді топқа ананың сүті мен биенің сүті ғана кіреді. Демек, бие сүті – ананың сүтімен пара-пар деген сөз. Альбуминді сүттердің казеиндік сүттерге қарағанда, құрамы айрықша болады. Мұның асқазанға күш түсірмей, ас қорыту жүйесіне пайдасы өте зор. Құрт ауруына бірден-бір ем. Сонымен қатар, өкпе ауруларын емдеуде, қан айналу жүйесіндегі қан тамырларының жұмсақтығы мен беріктігін қамтамасыз ететіні, қандағы қызыл қан түйіршіктерімен (эритроцит) гемоглобин синтезіне әсер ететіні, ағзада жүретін зат алмасу процестерін жақсартып, жалпы иммунитетті күшейтетіні анықталған. Бие сүтінде кездесетін ақуыздар, майлар, көмірсутегілері басқа сүттерге қарағанда ерекше болып келеді. Бұл бие сүтіндегі ғылыми дәлелденген қасиеттердің бір парасы ғана. Ал оның зерттелмеген, ашылмаған тұстары өте көп.

Сондықтан қымызды зерттейтін арнайы ғылыми-зерттеу орталығын ашуымыз керек. Қазір Германия бұл төңірекке көптеген жұмыстар жасап жатыр. Ал біз әлі күнге бие сүтінің адам денсаулығы үшін пайдасы мол екенін зерделеп, зерттеуді өз деңгейінде жүргізе алмай келеміз.

ДӘСТҮР

ҰЛТТЫҚ САНАДАҒЫ СҰЛУЛЫҚ

Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Ұлтқа тән бояу

Ою-өрнек – қазақ халқының ежелгі өнері. Бүгінгі күні әрбір ұлттық бұйымның ажарын, ұлттық бейнесін ашып көрсетуде ою-өрнектің орны ерекше. Өз басым бұл өнермен 6-7 жасымда анам құрақ құрап, киіз басқан кездерде таныс бола бастаған екенмін. Сонда өрнектелген бейнелерге қарап неткен ғажайып туындылар деп танданатынмын. Алайда, олардың мән-мағынасын жете түсіне қоймайтынмын. Кейде мен үшін оюлардың бір-бірінен ешқандай да айырмашылығы жоқ секілді көрінетін. Ол кездері анам мүйіз, гүл бейнесіндегі оюларды шебер жасайтын. Арасында маған да ермек кылып үйрететін. Мектепте білгендерімді ортаға салып, түрлі заттарға ою-өрнектерді бейнелейтін едік. Қазір қарап отырсам, күнделікті киімдерге сән ретінде бейнелесек, өзгеше бір стиль қалыптасар еді деген ойға ораламын. Ғалымдардың пікірінше, бүгінде ою-өрнектің 500-ден астам түрлері бар.

Бұған елімізде ұзақ жылдар жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады. Археологиялық қазба жұмыстарында табылған керамикалық ыдыстардың біразы геометриялық ою-өрнектермен, яғни ирек қалыппен өрнектелген.

Ою-өрнектерді негізінен бірнеше топқа бөліп қарастырумызға болады:

- **Жиектік өрнектер** – ою-өрнекті жолақ (фриздер, жиектер, т.б.);
- **Өсімдік тектес ою-өрнектер;**
- **Гүлді өрнектер** (шеңбер түріндегі ою-өрнектер, розетка, күн белгісі, т.б.);
- **Торлы ою-өрнектер** (заттың бетін тұтас жауып тұрады);
- **Геометриялық (әртүрлі геометриялық денелерден құралады);**
- **Зооморфтық ою-өрнектер** (жануарлар, яғни аң-құс, балық, әртүрлі жәндіктер, т.б.);
- **Көкөніс (өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, және т.б. элементтері);**
- **Қиял-ғажайып өрнектер** (бойтұмарлар, аспан әлемінің белгісі).

Олардың аса маңызды элементтері: қошқар мүйіз, құс таңдай, түйе табан, үш жапырақты, бес жапырақты, т.б.

Төл өнерімізді зерттеуге Еуропа ғалымдары көп үлес қосты. Ғалымдар қазақтың ою-өрнектерін ғылыми тұрғыда талдап, шығу тегіне сипаттама беруге тырысқанымен, олардың жасаған тұжырымдамалары ою-өрнектердің ішкі ұлттық табиғатын, мазмұнын аша алмаған. Кезінде белгілі этнограф Садық Қасиманов 200-дей оюдың атауы мен 50-ге жуық ою-өрнектің мазмұнын ашты. Ал белгілі архитектор Төлеутай Басенов өсімдік тектес ою-өрнектің сұлбасын қағазға түсірген. Бүгінгі таңда суретші көне ою-өрнекті сабақтастыра отырып, жаңа ою-өрнек түрлерін дамытып келеді.

Шексіз де шетсіз әлем

Еліміздің тарихында ою-өрнектерді шебер пайдаланып, өз туындыларында қазақ халқының өнерін әспеттеген Әбілхан Қастеев ағамыз екендігін бірі білсе, енді бірі біле бермес. Осы ретте өнертанушы Бәтizza Әдидің мына бір сөздерін назарларыңызға ұсынсақ. «Ұлтқа тән бояумен, ұлттық санадағы сұлулық пен талғамды өрнектің әр иірімдеріне байланыстырған шебер 300-ге жуық ою-өрнек түрлерін кейінгі ұрпаққа мұраға қалдырды. Отбасылық жеке мұрағатта сақталған өрнектер топтамасын арнайы жинақ ретінде «Атамұра» баспасының тікелей қолдауымен 2015 жылы ақпан айында «Ә.Қастеев ою-өрнектері» атты кітабы оқырманға ұсынылды.

Кітапты жарыққа шығарған суретшінің қыздары Гүлдірия мен Гүлназия Қастеевалар әке қалдырған мұраны халық игілігіне ұсынуға үлкен еңбек етті. Әрбір сәтін қалт жібермейтін қырағы суреткер жаңаша ою-өрнектердің әр түрін байыта отырып, көп нұсқасын өмірге әкелді. Оюлардағы қиын да күрделі, қарапайым элементтермен үлкенді-кішілі детальдардағы сызықтардың иірімдері көшпенділер өміріндегі дала сарыны іспетті. 1930 жылы салынған тұскиіз өрнегі классикалық стильде орындалған. Түстердің өзара үндестігі әрбір сызықтардың қоршаған ортамен байланысы



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

космогониялық табиғат әуендерінің ғажайып елесін көз алдыңызға әкеледі. Тұскиіздің орта бөлігіндегі дөңгелек формамен орналасқан өрнектер шоғыры тепе-теңдікте математикалық нақтылығымен бейнеленген. Негізгі тұскиіз өрнектеріне тау жолдарын, бұлақ суларын, хош иісті гүл бәйшешек жапырақтарын бейнелеген өрнектер тобы жатса, ал суретші бұл тұскиіз ою-өрнегінде аса күрделі өрнектер құрлымын жасайды», – дейді ол.

Расымен-ақ, суретшінің «Киіз үйдің ішкі көрінісі» атты шығармасында көшпелі қазақ халқының өмір-тіршілігі толық қамтылады. Киіз үй іші киелі қолөнермен безендірілген. Тұскиіз, шымылдық, басқұр, аяққап, текемет, т.б. сәндік бұйымдарды оюлармен өрнектей отырып, сырға толы бояу үндестігімен ерекшелейді. Басқұрдағы «қошқар мүйіз» өрнегі мен тұскиіздегі «гүлжапырақ» оюлары бірыңғай ритм құрап орналасқан. Яғни «гүлжапырақ» оюы бар тұскиізде туған жерін сағынғанда дала гүлін көз алдымызға елестететін өсімдік тектес өрнектер түрі пайдаланылған.

Өміріміздің өлшемі

Академик Ә.Марғұланнның жазуында қазақтың ертегі, жырларының сұлу болатыны сияқты, оның ағашқа, мақтаға, киізге, темірге, сүйекке, тағы басқа заттарға түсірген ою-өрнегі де сондай сұлу болған. Әлеужеліні ақтарып отырып мынандай ақпараттарды көзіміз шалды. Ескі сақ, ғұн, Үйсін, Қаңлылар бұрынғы гректерше ою үлгілерін геометриялық үшкіл, кышқша, қошқар мүйіз түрлерімен келтірген. Оғыз хан мен Қорқыт әңгімелерінде келетін «жібек кілем», «айшық кесте» – осы сияқты неше түстің тоғысуынан шыққан геометриялық үшкілдердің өрнектері. Қазақтар өрнекке осы геометриялық суреттерден басқа, өсімдік түрлерін, гүл, жапырақ, аң өмірінен, құстар бейнелерінен түсірген деседі.

Алтай қорғандарынан табылған бұйымдардағы ою-өрнектер қазіргі қазақ оюларымен ұқсас келеді. Осы тектес ою-өрнектермен Есік обасындағы «Алтын адам» киімі де безендірілген. Академик Ә.Марғұлан: «Бұл өнер туындысы сақ, үйсін, ғұн, түркі, қаңлы, қыпшақ секілді көне көшпелі тайпалар өмірінің негізінде қалыптасты», – дейді.

Қазақ халқы тұрмысында қолданатын барлық заттарын: киім, баскиім, зергерлік әшекейлер, аяқкиім, ыдыс, күбі, қоржын, музыкалық аспаптар, ер-тұрман, ат әбзелдері, киіз үйдің

іші, үй жиһаздары, есік, қару-жарақ, шақша, бесік, сандық, қамшы, түкті және тақыр кілемдерді түрлі ою-өрнектермен әшекейлеп, безендіріп отырған. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған құмыралардың біразы геометриялық ою-өрнекпен, дәлірек айтсақ ирекпен өрнектелген.

Ал неолит және қола дәуірінен белгілі «құлу» өрнегі қоғам таптық құрылысқа бөліне бастаған кезде бедерленген. Кейіннен киізге, текеметке, кілемге таңбаларды бейнелеген. Салтанат Сүгір есімді журналистің жазған мақаласынан ерекше ақпараттарды көзіміз шалды. «Қазақтың төрт құлақ өрнегі бесінші Пазырық қорғанынан табылған кілемде кездеседі. Ал лашын қанат өрнегі көбінесе тұс киіздерде кездеседі. Сонымен қатар, төсеніште қолданылатын оюлар бас киімдерде қолданылмайды. Себебі, онда тек зооморфтық кескіндер («қошқармүйіз», «қосмүйіз», «арқармүйіз», «сыңармүйіз», «қырықмүйіз» т.б.) пайдаланылады. Осы оюларды үй жиһаздарында, ер-тұрман, қару-жарақтарда кеңінен пайдалануға болады. «Ит құйрық» аталатын өрнек ешқашан бас киімдерге қолданылмаған. Мұның астарында «дұшпаның кеуденен жоғары өрлемесін» деген ырым жатыр. Ол өрнек «дұшпаның төмен болсын» деген ниетпен көбінесе ер адамдар шалбарының жырық балағына өрнектелген», – деп атап өтіпті. Сондай-ақ, ол ою-өрнектерге қатысты біраз қызық деректер жазған екен, біз де біразын өз мақаламызда пайдаландық.

Кейде үйге келген қонақ алаша мен басқұр, текемет пен сырмақ оюларына қарап, сол отбасының қай рудан, қандай әулеттен шыққандығын сұрамай-ақ біледі. Көңігі шеберлер төселе келе, оюға өз бетімен жана түрлер енгізген. Әрбір елде, әрбір руда есімі мәшһүр оюшылар өз өнерінің озық үлгілерін таратып отырған. Өнер зерттеушісі Сейсен Мұхтарұлы «Оюды оқуға бола ма?» атты мақаласында: «Дулаттың «бүтін ай», Жалайырдың «тарак», Қоңыраттың «босаға», Қыпшақтың «қос әліп», Найман руының бір шақасы Бағаналының «үш айрық алау» таңбасы ретінде суреттеледі» дейді.

Бұрындары жазу, компас, сағат қолданылмайтын кезде ою-өрнек арқылы халқымыз өз тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, мәдени құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді. Бүгінде ою-өрнекті көзіміз шалса, бұл біздікі ғой деп мәз боламыз. Алайда, шетелге шыққанда, киімдерімізге қарап көбі бізді шатастырады. Осындайда әр киіміміздің шет жағына кішігірім болса да, ою-өрнектерімізді бейнелесек, қазақ екенімізді айтпай-ақ ұғындырап едік.





МӘСЕЛЕ

Кез келген ата-ана баласының білімді, ақылды, ұқыпты болғанын қалайды. Әсіресе, тұңғышын дүниеге әкелер кезде жас аналар сәбиін сүйкімді етіп киіндіріп алып, арбасына салып серуендеп жүргенін көзіне елестетіп қиялдайды. Тілі тәп-тәтті, тақылдап тұрған баласын балабақшаға, одан кейін мектепке жетектеп апарамын, балам жақсы оқитын болады деп ойлайды. Осы бір картина адамның қиялында әдемі көрінгенімен, қаншама еңбекті талап ететінін, баланы өсіріп жеткізуге ата-ананың өзіне ізденіс пен білім керек екені уақыт өте келе түсінеміз.



Айнұр
СЕНБАЕВА



АТА-АНА БОЛУДЫ ДА ҮЙРЕНГЕН АБЗАЛ

Дүниеге келген жас сәби анасының түнгі ұйқысын төрт бөледі, кейде омырауға жарымайды, кейде іші ауырады, тісі шығарда да қиналады. Бөбек уақытында мойнын, белін ұстай алмаса да – уайым. Балабақшаға, мектепке баратын кезде де баланың өз қатарластарымен бірдей жетілуі, ойыншық ойнап, қалам ұстай алуына мән береміз. Жасөспірім баланың өтпелі кезеңі де оңай емес. Міне, баланың осындай машақатпен өсетініне кейбір ата-ана дайын болмай күйзеліске түсетін кездері де болады. Баланың денсаулығына, біліміне, болашағына жауапкершілік, ең алдымен, ата-ананың мойнына жүктеледі.

Қазіргі заманда ата-ананың баланы тәрбиелеуіне жәрдем беретін орталықтар, түрлі сала мамандары көбейді. Бүгінде баласының болашағына алаңдайтын ата-аналар арнайы мамандардың көмегіне жиі жүгінеді екен. Әсіресе, Алматы секілді ірі мегаполисте білім орталықтары, оңалту орындары күн санап көбеюде. Сондай-ақ, офлайн, онлайн форматта балаларға білім беретін, ата-аналармен жұмыс істейтін мамандардың қатары артты. Биылғы Балалар жылында осындай орталықтар мен педагогтарға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлықтың маңызы зор.

Біраз жылдан бері білім беру саласында жұмыс істеп келе жатқан психолог-маман Балқия Мұратбекқызының айтуынша, кейде баламен емес, ата-аналармен ұзақ уақыт жұмыс істеуге тура келеді екен.

«Көпжылдық еңбек тәжірибемде байқағаным, ата-ана баласы қандай да бір жетістікке жете алмай жатса, сабағы нашарлап кетсе, тәртібі дұрыс болмаса, оған мұғалімдерді, баланың достарын кінәлап жатады. Әйтеуір өзінен көрмейді. Осындай кезде мәселенің түп-төркінін білу үшін ата-анамен әңгімелесіп, баланың тәрбиесіне қатысты шараларды бірлесіп қолға аламыз. Мысалы, бірде жап-жақсы оқитын қыз баланың сабағы

нашарлап, тәртібі өзгеріп, тұйықталып кетті. Сыртынан біраз бақылап жүрдік. Анасымен сөйлесек, қызының қылығында ешқандай өзгерісті байқамағанын айтып, бізбен тілдесуден бас тартты. Біраз уақыттан кейін оқушы қыз сабаққа мүлде келмейтін болды. Уақыт өте келе ол баланың интернет-буллингке ұшырағанын білдік. Ұзақ уақыт жұмыс істедік. Абырой болғанда, баланы суицидтен аман алып қалдық. Міне, осындай оқиғалардың алдын алу үшін ата-аналарға баласының өміріне бей-жай қарамаса екен деп өтінеміз».

Рас, ата-ана үшін баласының қандай да бір кемшілігін, денсаулығындағы, ақыл-есіндегі ақауды, мінез-құлқындағы өзгерісті қабылдау оңайға соқпайды. Бірде ерекше баланың анасымен сөйлесіп отырып, бұл да үлкен психологиялық мәселе екеніне көз жеткіздім.

Туғаннан сал ауруына ұшырған баланың анасы Нұргүл баласының кемшілігін бірден қабылдай алмағанын, қатты күйзеліске ұшырап, өзінің денсаулығына нұқсан келтіргенін айтады. Ол психолог-маманның көмегіне жүгініп, есін жиған соң, 1 жастағы баласын оңалтуды қолға алады. Қазір баласы 10 жастан асты.

«Дер кезінде өзімді тұңғыықтан алып шығып, баламды оңалтуды қолға алғанымға қуанамын. Баламды жылдар бойы емдетіп келемін. Бұл аурудан құлан-таза айығып кету мүмкін болмаса да, өмірге бейімдеуге болатынын түсіндім. Қазір балам аздап сөйлей алады, өздігімен жүреді, өте ақылды, сабақты жақсы оқиды. Қазақстан бойынша сал ауруына (ДЦП) шалдыққан балалардың ата-аналарының ортақ қаты бар. Сол жерде ата-аналар бір-бірімізден кеңес алып, білгенімізбен бөлісіп отырамыз. Бірде сол қатты қарап отырғанымда балам жанымда еді. Бір әйел: «менің балам ДЦП емес сияқты, аздап-аздап қана белгілері байқалады,

қандай дәрігерге көрсетем?» деген секілді дауыстық хабарлама жіберіп жатты. Үнсіз тыңдап отырған балам: «Мама, андағы маманың өзін емдету керек қой» демесі бар ма? Баламның әлгі сөзінен кейін біраз есеңгіреп қалдым. Шындығында, ерекше баласы бар ата-аналардың өзіне бірінші көмек керек екенін тіпті бала да біледі», – дейді алматылық Нұргүл Тәжиева.

Қазіргі кезде жалпы қоғамда көпшілікті алаңдататын мәселелердің бірі – балалардың ұқыпсыздығы, алаңғасарлығы. Бірнеше әйел адамның басы қосыла қалса, қазіргі балалардың үй тірлігіне икемі жоқтығын, жеке заттарын әр жерге қалдырып кететін айтып жатады. Ата-ана балаға күнде ескерту жасап шаршайды, бірақ күнделікті атқарылатын қарапайым іс-әрекеттерді жасата алмайды. Мысалы, бала дене шынықтыру киімін үйге келгенде рюкзанынан шығарып қоймайды, мыжылған күйі сөмкеде жатады, өзінің сабақ формасын ілмейді, қолындағы сөмкесін автобуста қалдырып кетеді. Осы мәселеге қатысты балалар нейропсихологі Айнұр Алдаш мынандай кеңес береді:

«Жұмыстан келген ана баласының жерде жатқан сөмкесін көреді. Баласы бассейнен келе сала, ішінде су киімдері бар

рюкзакты лақтырып тастайды. Балам, киіміңді шығарып іліп қой, ертең жүзуге бармайсың, екі күнде киімдерің көгеріп кетеді деп ескерту жасайды. Баласы жарайды дейді де, бірақ ұмытып кетеді. Баласы ұйықтап қалғанда анасы киімдерін шығарып, іліп қояды. Жағдай үнемі осылай қайталанады. Киімдерін анасы үнемі жайып қоятынын бала ескермейді. Ал анасы балам неге жалқау, жасауысыз, қалай үйретемін деп уайымдап жүреді. Бұл көп отбасында кездесетін жағдай. Аналардың көбі баласының пеналын, кітабын, киімдерін дайындап қойып, осы әдетке өзі үйретіп қойған. Мұндайда не істеу керек?

Баланың сөмкесін ашпай, киімін шығармай, келесі бассейнге баратын күнін күтеміз. Бала жүзуге барғанда өзі ілуді ұмытып кеткен киімдерді көреді. Амал жоқ, ылғал, иісі жағымсыз киімдерді киеді. Үйірме біткенше өзін ыңғайсыз сезініп жүреді, есесіне сабақ алады, үйренеді. Үйге келе сала киімін шығарып, жайып, жуып, мойнына жауапкершілік алады. Кейде ата-ананың ситуацияға араласқанынан, араласпай шетте қарап тұруы да жақсы нәтиже береді», – дейді маман.

ТҮЙІН:

Ұрпақ тәрбиесіне аса мән беретін қазақ халқы «Баланы жастан» деп ертерек қамдануды мензейді. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Баласына үлгі болуды мақсат етпейтін ата-ана кемде-кем. Бірақ баланың тосын әрекеттеріне төзімділік таныту, сабырға жеңдіру оңай шаруа емес. Сондықтан кейде ата-ана болуды үйренуге де тура келеді.

БАЙҚАУ

Үздіктерден үміт көп

Алматыда өтіп жатқан «Үздік педагог–2022» конкурсының аудандық кезеңі өз мәресіне жетті. Конкурсқа мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарының педагогтары қатысты. Биылғы жылы байқаудың шартында өзгерістер жоқ емес.

Мәселен, цифрландыру бағытында үлкен жұмыстар атқарылды. Байқаудың барлық кезеңі, нақтырақ айтқанда, қатысуға өтінім қабылдау, қатысушыларды тіркеу, конкурс құжаттарын тапсыру, бағалауға дейін толығымен цифрландырылған.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл байқаудың ең басты маңыздылығы – ондаған үздік педагогтің еңбегін тануға мүмкіндік беріп отыр. Байқау аясында мұғалімнің білім саласына

қосқан үлесі, ұстаз қызметінің тиімділігі мен оның кәсіби шеберлігі ескерілді. Сонымен қатар, жылдан-жылға үміткерлердің саны ғана емес, олардың дайындық деңгейі де арта түсуде.

Бұл қадамның өзі білім

сапасы мен педагог мәртебесінің артқанын көрсетеді. Биыл Алағая ауданы бойынша орта білім беру ұйымдарынан 64, ал мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие ұйымынан 13 педагог бақ сынады.

«Үздік педагог–2022» байқауының қалалық кезеңіне №178 мамандандырылған лицейдің математика пәні мұғалімі Талант Сағидолданов, №185 ЖББМ математика пәні мұғалімі Гауһар Әуелбекова, №166 лицейдің математика пәні мұғалімі Тамара Булгакова, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие ұйымынан №148 бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Жазира Мустафинова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Данагүл Базылбаева жолдама алып, ауданның намысын қорғағалы отыр.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Мұғалімдер біліктіліктерін арттырды

Биылғы жылы еліміздің 70 мыңнан астам педагогының қатарында Алматы қаласының мектеп педагогтары да жаңа білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтіп жатыр.

Сонымен қатар, биылғы жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, Маңғыстау, Атырау, Алматы және Түркістан облыстарында мектеп оқушыларының білім сапасын арттыру мақсатында осы өңірлерге педагогтарды тарту үшін арнайы бағдарлама іске асырылып жатыр.

Оларға айтарлықтай әлеуметтік қолдау көрсетіледі (жоғары жалақы коэффициенті, баспана жалдау және коммуналдық төлемдер шығындарын өтеу сияқты көмек түрлері көрсетіле бастады). Бұл шаралар аталған аймақтарда білім беру сапасы бойынша үлкен алшақтықты азайтып, мұғалім мәртебесінің мерейін арттыруға да ықпалын тигізеді анық.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

Қоқысты бөлу қаншалықты маңызды?

Ресми деректерге сүйенсек, әр қазақстандық жылына 165 келі қоқыс тастайды екен. Алайда, халқымыздың көп бөлігі пайдаланған заттарын бөліп әуреленбей, бар қоқысты біріктіріп шығара салады. Осы орайда, қоқысты бөлу қаншалықты маңызды әрі қоршаған ортаға ол қалай оң әсер ететіні жайлы сөз қозғауды жөн көрдік.

Досбол
АТАЖАН

Қараусыз қалған қоқыс қоршаған орта үшін өте қауіпті. Себебі, ол сұрыпталмаған күйде қайта өңдеуге түспейді де, полигондарда ұзақ уақыт шіріп жата береді. Ал кейбір қалдықтардың толық ыдырауы үшін бірнеше ғасыр қажет. Мысалы, полиэтилен пакеті 100–200 жыл аралығында, ал алюминий банкасы 500 жыл өткенде ғана толық жойылады. Осы уақыт аралығында қоқыс жиналған жердің топырағын ластап қана қоймай, желмен барлық аймаққа таралып, табиғат экожүйесін бұзады.

Мұндай жағдайдың алдын алу үшін бірінші кезекте қоқысты қайта өңдеу қажет. Ал қоқыстың тиімді өңделуіне оның сұрыпталуы тікелей әсер етеді. Яғни әр адам тұрмыстық қалдықтарын бөліп, оны тиісті жәшіктерге тастайтын болса, бұл жағдай қоқыстың полигондарға тасталмай, уақытылы өңделуіне әкеледі.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегіне, 2021 жылы Қазақстанда тұрмыстық қатты қалдықтардың (ҚТҚ) 7328 стихиялық үйіндісі, ал биыл – 2748 үйіндісі анықталған. Яғни елімізде ресми қоқыс полигондарынан бөлек, адамдар қолдан жасап алған қалдықтардың үйінділері көп. Экология департаментінің маманы Әділ Нұрпейісов бұл жағдайды түбегейлі өзгерту үшін адамдар қоқысты сұрыптаудың маңызын түсінуі керек екенін айтады:

– Біздің адамдар үшін бастысы – қоқысты тастай салу. Оларды экология мәселесі, қоршаған ортаның болашағы қатты қызықтырмайды. Өкінішке қарай, осы тұста қазақстандық азаматтарда қоғамдық сана қалыптаспаған. Сондықтан айтылған мәселені толық шешу үшін арнайы заң қабылдау керек.

Адамдар заңға сүйеніп қоқыстарын сұрыптайтын болса, қалдықтардың үйінділері де азаяды. Біртіндеп адамдардың ой-санасында да нақты бір тәртіп қалыптасады, – дейді маман.

Сондай-ақ, ол Алматы тұрғындарын қоқысты сұрыптауға шақыру үшін қандай жұмыстар жүріп жатқанын айтып өтті.

– Алматыда қайта өңдеумен айналысатын «Тәртіп» АҚ, «Ecosen» сынды ірі компаниялар бар. Бұл ұжымдар қалдықтарды өңдеуден бөлек, қоқысты сұрыптау бойынша халық арасында насихаттық жұмыстар да жүргізеді. Одан бөлек, Алматы Экология департаменті де қоқыс бөлудің маңызын тұрғындарға түсіндіру үшін бірқатар жұмыстар атқаруда. Тіпті, біз ұйымдастырған әр сенбілік сайын осы мәселені көтеріп, адамдарға қоқысты сұрыптау туралы кеңес береміз, – деді Ә.Нұрпейісов.

Дегенмен, статистика Қазақстанда қоқысты қайта өңдеу және кәдеге жарату жағдайы жақсарып келе жатқанын көрсетеді. Мәселен, ҚР Экология министрлігінің деректері бойынша, 2016 жылы сұрыпталған және қайта өңделген қатты тұрмыстық қалдықтардың (ҚТҚ) үлесі небәрі 2% болса, ал 2019 жылы ол 14%-ға жеткен. 2020 жылы ҚТҚ-ның 15,8%-ы қайта өңделген. Ал «Жасыл экономика» тұжырымдамасына сәйкес, бұл көрсеткіш 2030 жылға қарай 40%-ға жетуі керек. Алайда, бұл жоспардың орындалуы үшін әр азаматымыз өзіндік үлесін қосу керектігі сөзсіз. Әр адам өз үйіндегі қоқысты бөліп жинайтын болса, қайта өңделетін қалдықтардың көлемі көбейіп, бұл қоршаған ортаны қорғаудың алғашқы қадамы болмақ. Сонымен қатар, саналы түрде қоқысты сұрыптайтын ата-аналар ел ертеңі болатын балаларға да үлгі болады. Кішкентай бұлдіршіндердің бойында дағды қалыптасады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ГЕРМАНИЯ

Германия қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізген алғашқы елдердің бірі болып саналады. Бірақ 1970 жылдардың басында елде 50 мың қоқыс полигоны болған. Қалдықтарды сұрыптау бойынша алғашқы қадамдар 1980 жылдары басталып, 1990 жылы 28 қыркүйекте бүкіл Германия бойынша қоқысты кәдеге жаратуға жауапты DSD компаниясы құрылады. Бұл оқиғадан кейін көшелерде қоқыстың әртүрлі түрлеріне арналған контейнерлер пайда болады. Неміс халқы бұл жаңалықты жақсы қарсы алып, қоқысты бөлуді тұрақты дағдыға айналдыра. Ал ережеге бағынғысы келмейтін азаматтарға ірі көлемде айыппұл салынады. Мысалы, адам қоқысты өзіне тиесілі емес контейнерге салғаны үшін 30 еуродан (14 мың тг) бастап, ал тоназтықшы сынды үлкен зағты далада қалдыратын болса 2500 еуроға (1 миллионнан астам тг) дейін айыппұл төлейді. Айта кеткен жөн, қоқыс несі табылмаған жағдайда айыппұл қоқыс жәшігі бекітілген тұрғын үйдің барлық тұрғындарына тең бөлінеді. Айтылған жағдай Германияда 2005 жылдың 1 маусымынан бастап қоқыс полигондарына тыйым салатын заңның қабылдануына әкеледі. Бүгінде елдегі барлық қоқыстардың 80%-ы электр қуатын алу үшін қайта өңделеді немесе өртеледі.

ШВЕЦИЯ

Швеция халқы қоқысты қайта өңдеуді 1990 жылдардың аяғында қолға алса да, бүгінгі күні өте жақсы нәтижеге жетіп отыр. Скандинавия мемлекеті 2002 жылы қоқыс полигондарына энергия алуға немесе қайта өңдеуге болатын барлық заттарды тастауға тыйым салды. Оған қоса, балабақшаларда дене шынықтыру және музыкамен қатар «қоқысты қайта өңдеу» пәні бойынша сабақ өткізе бастайды. Мұндай түсіндірме жұмыстар мектепте де жалғасады. Сондай-ақ, дұрыс сұрыпталмаған қоқыс үшін азаматтарға 350–500 крон (15–21 теңге) көлемінде айыппұл енгізіледі. Соның арқасында қазір бұл елде тұрмыстық қалдықтардың 99%-ы қайта өңделеді не жойылады. Жиналған қоқыстың жартысы электр қуаты мен жылу алу үшін жоғары технологиялық зауыттарда жағылады. Мұндай зауыттарға тұрмыстық қалдықтардың жетіспеуінен, бір жылда Швецияға өзге елдерден 700 мың тонна қоқыс импортталады.

Бүгінгі таңда әр шведциялық үйінде кем дегенде 6 түрлі-түсті контейнер бар: жасыл – тамақ қалдықтары үшін, көк – қағаз үшін, сары – қағаз орау үшін, қызғылт сары – пластик үшін, сұр – металл үшін, ақ – барлық басқа қалдықтар үшін қарастырылған.

ТҮЙІН:

Швед өнертапқышы Ганс Форсберг айналаны тазалықта ұстау үшін құстарды қоқыс жинауға итермелейтін құрылғы ойлап тапқан. Құстар оның құралына бөтелке қақпағын тастап, оның орнына жем алады. Ал біз өз оқырманларымыздан табиғатты қорғау үшін қандай да бір жаңалық ашуды сұрамаймыз. Тек қоқысты көрінген жерде тастамай, мүмкіндік бар жерде оны сұрыптап, жақсы ниетпен қарапайым қадамдар жасауға кеңес береміз.



КЕРЕК ДЕРЕК

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ

«Fortis Pai»
ЖШС-ға:

- бизнес-ассистент;
- финансист;
- экономист;
- заңгер керек.

8 701 059 49 06.

«Complex Business Solutions»
ЖШС-ға:

- офис-менеджер;
- көлік жүргізушісі;
- қазандыққа оператор қажет.

8 701 794 99 03.

«ТЕХСНАБЭЛЕКТРИКС»
ЖШС-ға:

- слесарь;
- эмбебап токарь;
- токарь-расточник;
- токарь-фрезеровщик керек.

8 701 735 79 78.

«Грат-Строй»
ЖШС-ға:

- түрлі жұмыстарға жұмысшылар;
- құрылыс-монтаждау

жұмыстарының шебері;

- күзетші;
- еден жуушы керек.

8 705 555 40 45.

I.Жансүгіров атындағы
№130 гимназияға:

- аула сыпырушы;
- әйел-вахтер керек.

8 (727) 381-59-22.

«Fortis Education» ЖШС
бірлескен кәсіпорнына:

- бастауыш сынып мұғалімі;
- маркетинг;
- көрмелерге куратор;
- аула сыпырушы, еден жуушы керек.

8 771 753 26 39.

И.Панфилов атындағы
№53 қазақстандық-
ресейлік

- мамандандырылған мектеп-лицейіне:
- вахтер керек.

8 747 590 60 68.

«Ақсай» ЖШС-ға:

- бас аспаз;
- сатушы-кассир;
- қаптаушы;
- жинақтаушы;
- экспедитор-жүргізуші;
- ыдыс жуушы;
- жүкші;
- диспетчер керек.

8 707 360 31 03

«ҚАЙНАР»
академиясына:

- информатика мұғалімі;
- офис менеджері керек.

8 747 362 52 42.

«ПОЛИГРАФКОМБИНАТ»
ЖШС-ға:

- инженер-технолог;
- офсеттік басылым терімшісі;
- көмекші жұмысшы;
- электромонтер;
- сылақшы-сырлаушы;
- түптеуші;
- жүкші керек.

8 777 201 01 56.

«Forte Bank» АҚ-ға:

- несиелендігі кеңесші (мүгедек жанға арналған вакансия);
- сауда операциялары жөніндегі кеңесші керек.

8 705 253 01 50.

«ALEM SCHOOL.KZ»
ЖШС-ға:

- тәрбиеші;
- тәрбиешінің көмекшісі;
- аспаз;
- медбике керек.

8 708 125 30 52.

«Алматы индустриальды
аймағы»
ЖШС-ға:

- энергиямен және сумен қамтамасыз ету инженері;
- ПТО инженері керек.

8 (727) 237-69-13.

«DATA HOLDING»
ЖШС-ға:

- автобус жүргізушісі керек.

8 701 210 20 90.

«Стамгазстрой» ЖШС-ға:

- бас бухгалтер қажет.

8 712 232 13 14.

«Промхим» ЖШС-ға:

- қаптаушылар керек.

8 700 300 01 66.

«ҚАЗТЕЛЕРАДИО» АҚ-ға:

- заңгер қажет.

8 (727) 244-45-00.

«АССИСТАНТ КОМПАНИЯ
«МЕДИ СЕРВИС» ЖШС-ға:

- фармацевт қажет.

8 (727) 250-22-00.

«Казпромси»
ЖШС-ға:

- офис менеджері керек.

8 (727) 393-41-73.

«Г.Дәукеев атындағы Алматы
энергетика және байланыс
университеті» коммерциялық емес
АҚ-ға:

- қосымшалар программисі керек.

8 (727) 323-11-75.



ЕҢБЕК АДАМЫ

Алғыс арқалаған мамандық

Ертең – Әлеуметтік қызметкерлер күні

Қазанның соңғы жексенбісі, 30 қазан – Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Мереке қарсаңында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова алғыс арқалайтын арда мамандық иелерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында кәсіби маманның қадірін білу керек екенін, еңбеккер адам мемлекетті дамытатынын баса айта келіп: «Елімізде еңбеккер адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек», – деген болатын. Рас, қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Әлеуметтік қызметкер көмекке мұқтаж жандардың өмірін кішкене болса да нұрландыруға қолұшын беретін жан. Ол тек атқарушы қызметкер ғана емес, сонымен қатар күтуші, медбике, үй шаруасында көмекші бола алатын маман. Сондықтан олар қарт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ең жақын және қымбат жандардың бірі болып саналады. Америкалық әлеуметтанушы Мэри Ричмонд өзінің еңбектерінде әлеуметтік қызметкерлер туралы: «Әлеуметтік қызметкер жұмысының ең сапалы көрінісі, бұл – мүгедек жандардың өмірге деген құштарлығын қайта ояту» деп көрсеткен екен.



Қазіргі таңда Алматы қаласы бойынша 15-тен астам мүгедектерді оңалту және оларға қызмет көрсету орталықтары бар. Солардың бірі – Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, «Аяла» КММ-і Әлеуметтік қызмет орталығы. Мұнда 220-ға жуық мүгедекке түрлі бағыттағы қызмет түрлерін көрсетеді.

Әлеуметтік қызметкердің жұмыс күні таңертең поштаға немесе әлеуметтік желіге келген хаттарды тексеруден басталады. Одан кейін жұмыс күнінің тиімді өтуі үшін әлеуметтік қызметкер сол күні жасалынуы тиіс жұмыстар тізбесін және оның орындалу уақытын ретке келтіреді. Бұл әдіс күні бойы орын алатын келенсіз оқиғалардың алдын алуға, қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдай білуге өз септігін тигізеді.

«Аяла» әлеуметтік қызмет орталығы КММ-нің 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің консультанты Әбілқайыр хан Арғынбайдың айтуынша, үй жағдайында көмек көрсету белгіленген жүктеме бойынша

әлеуметтік қызметкердің әрбір қызмет алушыға арнайы уақыт бөліп хабар алуы арқылы жүргізіледі. Оларға қажетті азық-түліктерді алып келу, үй жұмысында көмек көрсету, денсаулық жағдайына байланысты түрлі еңбектік жұмыстарға үйрету, әлеуметтік-мәдени іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру сынды бірнеше бағыттардан тұрады. Көп жағдайларда қызмет алушыларға түрлі құжаттарды ресімдеп беруге де тура келеді. Әлеуметтік қызметкер күні өткен күннің есебін тапсырумен және келесі күнге жоспар құрумен аяқталады.

– Әр жылдың қазан айының соңғы жексенбісі, еліміздегі Әлеуметтік қызметкерлер күнін тойлап өтумен ерекшеленеді. Сонымен қатар, әлеуметтік қызметкерлер мәртебесін көтеру мақсатында, қазіргі таңда мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар жасалып жатыр. Өзге жандардың кемшіліктерін толықтырып, мұң-мұқтаждарын бөлісетін әлеуметтік қызметкерлер дәрежесі алдағы уақытта да қоғамда жоғары бағаланады деген үміттеміз, – дейді Ә.Арғынбай.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Парасат» әлеуметтік қызмет орталығы қариялар мен мүмкіндігі шектеулі жандар айлығы аясында қайырымдылық акциясын өткізді. Қайырымдылық іс-шарасына орталықтан қызмет алып отырған жандар шақырылды.

Көңілді кір шалмасын!



Рая
ЕСКЕНДІП

Жылылық салтанат құрған кеште алғашқы сөз кезегін алған орталық басшысы Ләззат Зәкірбаева барша жиналғандарды айтулы мерекемен құттықтады. Өз сөзінде әлеуметтік сала қызметінің маңыздылығын айта келе, мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалып жатқан қолдауларға кеңінен тоқталды. Ел экономикасы жақсарған сайын арнайы мемлекет тарапынан жасалатын көмектердің де қатарының артып келе жатқанын жеткізді. Арнайы шақырылған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің өнерпаз жастары кештің көркін әсем әнмен кіргізсе, Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінің «Япурай» би тобы ерекше қуаныш сыйлады. Сонымен қатар, әлеуметтік мекеме қызметкерлері де аянып қалмады. Өуелете ән салып, күмбірлете күй төкті. Қысқасы, бұл күні көңілге кірбің түсірер мәселе атаулы алыста қалды. Қонақтардың көңілін қуаныш кернеді. Мереке соңында орталықтан қызмет алушыларға арнайы сыйлықтар табысталды. Қызмет алушы қариялар да өз кезегінде әлеуметтік қызметкерлерді мерекесімен құттықтап, ризашылықтарын білдірді.



БРИФИНГ

ЕСІРТКІ ТҰТЫНУШЫЛАР «жасарып» барады

Электронды темекілер мен темекі қоспаларының құрамында сұйықтық болады, ол буланған кезде адамға қауіп тудыратын зиянды заттар түзіледі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласының Психикалық денсаулық сақтау орталығының директоры Сапар Рахменшеев мәлімдеді.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА



Маманның айтуынша, есірткі заттарының жаңа түрлері – шылым қоспалары немесе жасырын зертханаларда алынған синтетикалық есірткілер тәуелділік пен ағзаға келтіретін зиян жағынан героиннен әлдеқайда асып түскен.

Сапар Рахменшеев қазіргі темекі қоспаларының қайдан шыққаны шынымен белгісіз екенін айтты.

«Біреу мұндай қоспалардың рецептурасының негізгі саны АҚШ зертханаларында жасалған деп санайды, біреу олардың таралуына Голландия мен Ұлыбританияны кінәлайды, ал енді біреулер осындай улы

заттарды жаппай жеткізіп отырған Қытай деп есептейді. Есірткіні тұтынушылардың негізгі бөлігі – жастар және оны тұтынушылар жасы барған сайын «жасарып» барады. Темекі қоспалары немесе спайстар жастар арасында жылдам тарап кетті», – деп атап өтті Психикалық денсаулық сақтау орталығының директоры.

Дәрігер темекі қоспаларын сатушылар өз өнімдерін денеге мүлдем зиянсыз хош иісті зат ретінде таныстыратынын айтты. Дегенмен, оның айтуынша, темекі қоспаларының барлығында есірткілік (еліткіш) қасиеті бар, олар физикалық және психологиялық тәуелділікті тудыруы мүмкін жасанды жолмен психоактивті заттардан жасалған.

ӨКҚ спикері жастар арасында кең тараған есірткі түрлерін – JWH темекі қоспаларын атады (жастар арасындағы тілмен айтқанда, жоспар, дживик, спайс, микс, шөп, көк шөп, кітап, журнал, бошки, палыч, қатты, жұмсақ, химия, пластик, жабысқақ, шие, шоколад, түтін, т.б.). Бұл заттарды қолданғаннан кейін энергия, эйфория, ұйқысыздық және галлюцинация пайда болуы мүмкін. Есірткінің әсері тоқтағанда қатты алаңдаушылық, өлім қорқынышы, үрей, фобиялар пайда болады.

Маманның айтуынша, жасөспірімнің тыйым салынған нәрсені пайдаланып жатқанын тану соншалықты қиын емес, ең бастысы мұқият болу керек. Негізгі белгілердің арасында: қозғалысын басқарудың бұзылуы, көз қарашықтарының кеңеюі, сөзінің түсініксіз болуы, эмоционалды тұрғыдан шамадан тыс қозу, терінің қызуы немесе керісінше, қатты бозаруы. Осылардың салдарынан бас ауруына, бір нәрседен екінші нәрсеге күрт ауысу, есте сақтау қабілетінің төмендеуіне шағымдары көбейеді.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің ұйытқы болуымен Алматы көлік және коммуникациялар колледжінде алғаш рет ресми белгіленген «Кітапханашылар күні» мерекесіне байланысты іс-шара болып өтті. Оған қаламыздағы арнаулы 6 кітапхананың, жоғары оқу орындары мен колледждердің, мектептердің кітапхана қызметкерлері қатысты.

Қала қарттары бас қосатын орын

Жиналған қауымды аудан ардагерлері ұйымының басшысы Ботай Қабылов құттықтап, білімді, мәдениетті және тәрбиені насихаттаудағы кітапхана ұжымдарының еңбектеріне үлкен баға берді. Олардың қатарында Чехов атындағы, №4, №33, №20 және Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханалары аталды.

№104 кітапхана жанында 10 жылға жуық «Ардагер» клубы жұмыс істейді. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Тарих және этнология институтымен бірлесіп өткізетін сол институттың ғалымдары жазған кітаптардың тұсаукесерлеріне авторлармен қатар, ардагерлерді де шақырып отырады. Мысалы, осындай кітаптардың бірі – «Ұлы дала есімдері» энциклопедиясы.

Ардагерлер кеңесімен тығыз қарым-қатынас орнатқан Чехов атындағы кітапхана Ұлы Жеңіске арнап әртүрлі мерекелік іс-шаралар мен әдеби оқуларды тұрақты түрде М.Мақатаев скверінде өткізіп келеді. Мұнда жиі-жиі жазушылар мен ақындар да бой көрсетуде. Олардың ішінде Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, оның орынбасары Бауыржан Жақып пен Бақыт Беделхан, ақындар Жүрсін Ерман, Қалқаман Сарин, Саят Қамшыгер, әдебиеттанушы-ғалым Нұрдәулет Ақышты атауға болады.

№20, №33 кітапхана қызметкерлері өздері өткізген «Ұлы Даланың игі істері мен атакты есімдері», «Халықтық дәстүрлер – адамгершіліктің ең жоғарғы құндылықтары» атты

кештер тәрбие жұмысындағы игі істер болды.

Кітапханалар Әнуран, Елтанба, Байрақтың қабылдануының 30 жылдығына орай оларды ұлықтау мақсатында едәуір түсініктеме берді. Аудандағы оқу орындарының кітапханалары тарапынан да (мектептер, ЖОО мен колледждерде) мазмұнды тәрбие жұмыстары жүргізілді. М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназияның кітапханасы тарихи-этнографиялық музей және Ардагерлер кеңесінің қоғамдық комиссиясымен бірлесіп тарихи естелік сабағын өткізді. Ал №25 гимназияның кітапханасы «Ұлы Даланың ұлы ақыны Абай» тақырыбына қазақ, орыс, француз, неміс тілдерінде қоғамдық сабақ арнады. Қаламызда тағы да бір «Алматы кітапханасы» бой түзеді.

Алматы ауданының әкімі Ержан Сейтеновтің атынан Сағынкүл Иманбаева, Қуаныш Исабекова, Лаура Тұрсынова, Зоя Тоқсанбаева, Бақытжамал Бағашарова, Жәния Әбдіқадырова, Әйгерім Кәдірбекке Алғыс хаттар берілді. Ал Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінің Алғыс хаттары Айгүл Қазтаева, Майра Сұлтанқұлова, Гүлбаршын Бұланбаева, Меруерт Мұсаева, Ұлтуар Бітебаева, Айгүл Тоғызбаева, Лейла Баймолдинаға табыс етілді.

Көпбосын ПАНЗАБЕКОВ, Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінің Ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі комиссия төрағасы.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыз здар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61

«Вивус «МҚҰ» ЖШС 050009, Алматы қ., Алмалы ауданы, Жамбыл даңғылы, 229-үй, н.т. 3 занды мекенжайы 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 45-үй, «Пекин сарайы» БО, 14-қабат, 1405-кеңсе мекенжайына өзгергені туралы хабарлайды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Екі елдің мызғымас достығы



Рая
ЕСКЕНДІР

Оқушылар сарайында Қазақстан Республикасы күні мерекесі мен Қытай Халық Республикасының Ұлттық күніне арналған салтанатты шара өтті. Шара барысында екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына арналған қалалық суреттер байқауының көрмесі ашылды.

Алматыдағы ҚХР Бас консулдығының Бас консулы Цзян Вэй екі мемлекеттің ғасырлар бойы келе жатқан мызғымас достығы туралы айтып, достықтың дәнекері болып отырған кішкентай суретшілерге ризашылығын білдірді. Екі мемлекеттің арасындағы достықтың әлі де жалғаса беретініне тоқталып, қазақ халқының кеңпейілдігі мен озық дәстүріне деген құрметін жеткізді.

– Балғын суретшілер бояу тілімен Қытай Халық Республикасы мен екі елдің достық қарым-қатынасын жеткізе білген. Ең бастысы, жер бетінде бейбітшілік болып, аспанымызды бұлт шалмасын. Балалардың тілегі тек тыныштық екенін жүректен түсіндік, – дейді Бас консул.

Келесі кезекте сөз алған қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева екі мемлекеттің ынтымақтастығы артып, берік достығының мәңгі нығая беретініне тоқталды. Сонымен, құрамында Досбол Қасымов, Бауыржан Бектаев, Ван Цинпин сынды белгілі өнер иелері бар әділқазылар алқасы 118 жұмысты саралап, арасынан ең үздіктерінің есімін жариялады.

Қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Әуезханқызы, Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігі басшысының орынбасары Исламбек Раимов, қалалық мәслихат депутаты Әсия Ақанова, Алматыдағы ҚХР Бас консулы Цзян Вэй байқаудың ең үздік деп танылған 16 жеңімпазына дипломдар мен сыйлықтар табыстады. Байқаудың Бас жүлдесіне №34 гимназия оқушысы Аружан Шілдебаева мен №121 мектеп оқушысы Альмира Исламова ие болды. Ең үздік деп танылған 60 жұмыс Оқушылар сарайының көрме залына қойылды.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ОРАЙ

Кене ханның орны бөлек

«Almaty aqshamy» газетінің №123 санында «Хан Кене – аңыз тұлға» деген тақырыпта Олжас Жолдыбайдың көлемді мақаласы жарық көрді. Оқып, көп нәрсені көңіліме тоқи түстім. Кене ханның халық тағдырын арқалаған тұлғалардың бірі де бірегейі ретінде өзімнің білетінімді қоса кеткенді жөн санап отырым.

Садағын сағымға ілген сайыпқыран Шыңғыс ханнан ұласып, жоралы Жошы хан әулетінен тамырлы желі тартқан Қазақ ордасының хандық түзімінің алтын шынжырының ақырғы бунағы Алаштың айдынды ұлы Кенесары хан болғаны баршаға аян. Биыл ұлы қолбасшы, баһадүр хан Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл толып отыр.

Гумилевтің айтуынша, қарсыластарын қайықтырған, үзеңгілестерінің құрметіне ие болып, қоластындағылары төбесіне көтерген Хан Кене – Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең көрнекті пассионарлық тұлға. Батырмен бетпе-бет келген патша әскербасылары «Көзсіз батыр», «Қырғыздың (қазақтың) ұлттық батыры», «Сойқан», «Ержүрек билеуші», «Қиратушы дауылпаз», «Ұлық батыр», «Дала рыцары» деп таңдай қағып, еріксіз мойындаған екен.

Көтеріліс басшысы туралы қазақ тарихшысы Е.Бекмаханов «ол жастайынан ат құлағында ойнап, садақ атуды үйренген» деген мәлімет келтіреді. Шебер аңшы болған. Әділетті ту еткен, ерік-

жігері асқан, ержүректілігімен ерекшеленген сұлтанды «был храбр до-нелзя», яғни «көзсіз батыр» деп XIX ғасырдың ортасында Ресей зерттеушісі Л.Мейер де таңқалған деседі. Замандастарының айтуынша, мықты ұйымдастырушы және қолбасшылық қасиеті болған Кенесары Қасымұлы әрдайым өзімен сұхбаттасушыны тыңдай білді. Ұлы Дала халқының арасында қонақжайлылығымен ерекшеленді. Қазақ хандығын қайта құрып, он жыл бойында өмірін соған арнаған.

Қазақ халқының дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру, халқын бодандықтан құтқарып, басын біріктіру, азаттық пен бостандыққа қол жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген ол сұңғыла саясатшы, қайраткер, ірі мәмілегер, дарынды әскери қолбасшы ретінде ел есінде қалды.

Ақжол ҒАЙСИН,
Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің 1-курс студенті.

ALATAŸ AQPARAT

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«AlataŸ Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

**Балалар
жылы
2022****«Анам және мен»**

Суретті түсірген Сауат ҚұсАйынов

**Рая
ЕСКЕНДІР**

Республика күні аясында Алатау ауданындағы №148 бөбекжай-балабақшаның «Көгершін» мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілері арасында спорттық жарыс өткізілді.

«Анам және мен» деп аталатын спорттық сайысқа бүлдіршіндер өздерінің аналарымен қатысты. Бұл күні спорттың бірнеше түрінен сынға түскен аналар да, балақайлар да өздерінің ептіліктерін, шапшаңдықтарын танытты. «Шынықсаң, шымыр боласың» демекші, бүлдіршіндер спортты серік етіп өсіп келе жатқандықтарын танытты. Спорттық сайыс соңында бүлдіршіндерге естелік сыйлықтар табысталды.

ТАЛБЕСІК

ҚОРҒАУҒА АЛЫНҒАН ЖЫРТҚЫШ**Қазақстанда қар барысы Қызыл кітапқа енгізілген****Айжан
БҮРКІТБАЕВА**

Алматы қаласының Бостандық, Медеу аудандарының аумағында қар барыстары мекен етеді. Бұл туралы териология зертханасының меңгерушісі, Зоология институтының қар барысы мониторинг орталығының басшысы Алексей Грачев мәлімдеді.

«Іле Алатауында өмір сүретін 40 қар барысының 23-і Алматыдан 30 шақырым жерде, бесеуі қаланың Бостандық және Медеу аудандарының аумағында мекендейді», – дейді ғалым.

Оның айтуынша, бүгінгі күні Қазақстанда қар барысының саны өсіп жатыр.

«Мысалы, 90-жылдардың басында қар барысы тек Ақсу-Жабағылы мен Алматы қорықтарында болды. Қазіргі таңда елімізде 10-нан астам ұлттық саябақ бар. Олардың бәрінде қар барысы бар. Яғни қазір олар көбею үстінде. Егер 80-жылдары 200 қар барысы болса, 90-жылдардың басында олардың саны 100-ге дейін азайды, бүгінгі күні біздің бағалауымызша олардың саны 140–180 басқа жетті», – деді Алексей Грачев.

Қар барысы аталғанымен бұл



жыртқыш құрғақ, қарайған жерлерді жақсы көреді.

«Жемтігін аулау үшін қар барысына көп энергия қажет. Көбіне жасайтын аңшылығының 10-нан біреуі ғана сәтті болады. Себебі, қатал жағдайда өмір сүреді. Күшін үнемдеу үшін құрғақ жерлерде жүреді», – деді спикер.

Қар барысы жүруі мүмкін жерлерге фототұзақтар қойылады.

«Қар барысының бойы биік емес. Биіктігі – 50 см, яғни жарты метр болады. Сондықтан біз олар жүреді-ау деген жерлерге қарама-қарсы екі фототұзақты орнатамыз. Қар барысын толық бейнеде суретке түсіру үшін фототұзақты тым төмен неме-

се тым жоғары орнатпау керек. Фотоға барыстың басы, аяғы, құйрығы түсуі керек. Сәтті суреттерді біз сараптап, терісіндегі дақтары арқылы бір-бірінен ажыратып, олардың әрқайсысына құжат ашып, бақылау жүргіземіз. Қар барысын аулаймын деген браконьерлер 3000 АЕК көлемінде жазаланады. Егер браконьер ұлттық саябақтың аумағында бұл қылмысты жасаса, жоғарыда аталған сома бірнеше есе ұлғаяды. Бұл қылмыстық жасауға қатысушыларға да әкелуі мүмкін», – деді спикер.

Айта кетейік, қар барысы Қазақстанның сирек кездесетін ірі жыртқыштарының бірі, 1978 жылы еліміздің Қызыл кітабына енгізілген.

ALMATY FOOD FEST

**Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Almaty Food Fest 2022 халықаралық гастрономиялық фестивалі талғамдар мегаполисі форматында өтеді. Іс-шара күндері Абай алаңы (Республика сарайының алдында) бірнеше аспаздық аймақтарға бөлінеді. Әрқайсысында әлемнің әртүрлі ұлттық тағамдары, соның ішінде дәстүрлі мексикалық, грузин, американдық, азиялық және қазақ тағамдары ұсынылады. Десерт әуесқойлары оларға «тәттілер көшесін» ұйымдастыру арқылы ортақтасады.

Алматының танымал мекемелерінің дәмді тағамдарының дәмін татып, әсерлі эмоциялармен қатар, фестиваль қонақтары ерекше мәдени-ойын-сауық бағдарламын тамашалай алатыны сөзсіз. Тағамдар шеруінде танымал халықаралық аспазшылардың тікелей аспаздық шоулары мен

ӘЛЕМНІҢ ДӘМІН ТАТЫҢЫЗ!**Әртүрлі халықтың тағамдар фестивалі өтеді**

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

мастер-кластар, бармендер мен бариста байқаулары ұйымдастырылады. Сондай-ақ, барлық қонақтарға арналған аспаздық байқаулар, ауыл шаруашылығы өнімдері мен колонер бұйымдарының жәрмеңкелері болады.

– Almaty Food Fest фестивалі біздің мәдени ерекшеліктеріміз бен ұлттық салт-дәстүрлерімізді, оның ішінде қонақжайлылықты, ашықтық пен мейірімділікті, берекелі дастарханды көрсетеді. Сонымен қатар, мұндай іс-шараларды өткізу Алматы қаласының туристік әлеуетін нығайтуға, отандық және шетелдік туристерді тартуға септігін тигізеді. Гастрофестиваль халықаралық туризм шарасы күнтізбесіндегі басты оқиғалардың біріне айналады деп сенеміз, – деп атап өтті Алматы қаласы Туризм басқармасының өкілдері.

Сонымен қатар, фестиваль аясында қала тұрғындары мен қонақтары Кувейт,



Бахрейн, Үндістан және т.б. танымал фуд-блогерлермен кездеседі. Олар цифрлық контент жасаудағы жетістіктерімен бөліседі және Almaty Food Fest 2022-де ұсынылған ұлттық тағамдарға шолулар жасайды. Ал Қазақстандағы итальяндық аспазшы осы қалалық мереке аясында

жаңа гастрономиялық тәжірибе алуды көздеп отыр.

– Италияда елдің мәдениетін тамаша көрсететін аспаздық дәстүр бар. Мен Италияның жаңғырығын Қазақстанда таба алғанымға қуаныштымын, өйткені жергілікті ұлттық тағамдардың дәмі қайталанбайды және ерекше болады. Сонымен қатар, Алматы – әртүрлі мәдениеттерді, ұлттарды, менталитеттерді біріктіретін, адамдар үшін қызықты нәрселер үнемі болып тұратын қала. Мен фестивальге қуана-қуана қатысамын, – дейді фуд-блогер, аспаз Марко Валерио Солини.

Фестивальдің әр кешінде хэдлайнер әншілердің қатысуымен музыкалық шара өтеді. Мәселен, 29 қазан күні жастардың сүйікті әншілері – Orda тобы әндерін шырқаса, қазан айының 30-ы күні эстраданың жарық жұлдызы Қайрат Нұртас көрермендерге өз өнерін паш етпек.